



● ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САЯСАТ



Халық қамы – басты назарда

Әлібек
ЫБЫРАЙ

Қостанайға ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Асқар Мамин іс-сапармен келді. Ол ұшақтан түсісімен әуежайда аз-көм аялдады. Оның себебі де жоқ емес. Тобыл өңірінің әуе қақпасына келесі жылы күрделі жөндеу жасалады. Ауқымды жобаға республикалық бюджеттен 15 млрд теңгеден астам қаржы жұмсалатын болады. Қазір құрылыс нысанының жобалық-сметалық құжаттары дайын.

Үкімет басшысының бірінші орынбасары нысанның

жаңа үлгісімен танысып, жобаның жай-жапсарын сұрап білді. Әуежай бастығы Юрий Ким құрылыс жұмыстары екі кезеңмен жүргізілетіндігін, алғашқы кезекте лайнерлердің ұшу-қону жолақтары кеңейтілетіндігін баяндады.

– Тек ұшу-қону жолақтарын ұзарту үшін ғана 10,6 млрд теңге қажет. Ал ғимаратты қайта жаңғырту 5 млрд теңгеге бағаланып отыр, – деді Юрий Ким.

Оның айтуынша, әуежай халықаралық стандартқа толық жауап беретін болады.

– Әуежай үстіміздегі жылы 140 мыңдай адамға қызмет көрсетті. Жаңа нысан ел игілігіне айналғанда сағатына

300 жолаушы қалаған бағыттарына ұша алады, – деді ол.

Ал Асқар Мамин ең бастысы әуежай қызметін мейлінше жетілдіре түсу қажеттігін баса айтты.

– Қостанай әуе қақпасының мүмкіндіктерін жан-жақты пайдаланған жөн. Қосымша рейстер ашу қажет. Жүк тасымалын да қарастырыңыздар. Барлық жолаушылар үшін лайықты жағдай туғызуды да ойластырыңыздар. Бәрі қолжетімді болғаны дұрыс.

Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

2-бет

100
80
60
40
100
80
60
40
100
80
60
40
Синий
Красный
Жасыл
Черный

● ТӘУЕЛСІЗДІК – ТАҒДЫРЫМ

Тәуелсіздік бақыты – татулық пен ынтымақ



Биыл Тәуелсіздікке 25 жыл толады. Ширек ғасырға жуық уақыт ішінде Қазақстан әлемге танылып, тар жол тайғақ кешу мен қиын-қыстау кезеңдерден сүрінбей өтіп, жаңа деңгейге қол жеткізді. Ұшқан құстың қанаты талатын Алтай мен Атыраудың арасын жайлаған тәуелсіз елді барша әлем танып-білді. 1991 жылы еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін бірден аяққа тұрып кетпегені

әмбеге аян. Сол кезде әлі әлемге беймәлім елдің болашағына сенімсіздеу қарағандар болды. Бірақ Қазақстан бұған қың етіп мойымды да. Елбасы Н.Назарбаевтың өзі айтқандай, "Тәуелсіздік алған тұста бұрынғы Кеңес Одағының соңында қалған республика болатынбыз. Экономикамыз әлсіз, қолда бар өндірістер мен зауыттар өбден ескірген. Мұғалімдер мен дәрігерлерге жалақы, зейнеткерлерге зейнетақы тауып берудің өзі қияметтің қиыны болатын". Міне, сол кезең артта қалды. Қазір еліміз гүлденген үстіне гүлденіп келеді.

Ширек ғасыр аралығындағы қаншалықты биікті бағындырғаныңды біліп-тану үшін өткенге көз салып, бүгінгі өзім басқаратын қарапайым ғана Алтынсарин ауылынан бастасам деймін. Сол кезеңде, яғни 1990 жылдардың орта тұсында ауылды банкроттықтан сақтап қалу маған оңайға соқпады. Жұмысшы топтың жалақысы, егін егу, мал өсіру бәрі-бәрі қиынға соқты. Кейбір ауылдар басына түскен ауыртпалықты көтере алмай талан-таражға түсті. Ауыл халқының тағдыры қыл үстінде болды. Кейбірі жылы орындарын суытып, қала маңына қоныс аударды. Осы жайтты түсінген Елбасы стратегиялық саясат жүргізіп, тұралап қалған өндіріс орындарының тамырына қан жүгіртіп, қаржы тартып, бүгінгі деңгейге жеткізді. Тәуелсіздік мен басқарған "Алтынсарин" ЖШС-не өз жақсылығы мен табысын әкелді. Қостанай облысы ауылшаруашылығы ең қарқынды дамыған еліміздегі мықты өңір. Бұл өңірге жыл сайын Үкіметтен қаншама қаржы аударылады. Мен сияқты ауыл кәсіпкері соның нәпақасын көріп, кәсібін дөңгелетіп, халқын жұмыспен қамтып отыр. Келер жылы осы ауылды басқарғаным 30 жыл, ал өзім 70 жасқа толамын. Бұл мен үшін үлкен абырой. Сол абыройдың арқасында Елбасының қолынан "Қазақстанның Еңбек Ері" атағын алдым. Тәуелсіздіктің алдымен ауылдағы халқыма, сосын маған және ұрпақтарыма әперген бақыты осы емей немене?!

Тәуелсіздіктің мен үшін ең басты бақыты – елдегі татулық пен ынтымақтастық, халықтардың бір-бірімен достығы, сыйластығы! Міне, дәл осылай тебіреніп, Тәуелсіздік туралы ағынан жарылып айту мен үшін парыз.

Борис КНЯЗЕВ,

Қазақстанның Еңбек Ері, "Алтынсарин" ЖШС директоры. Қамысты ауданы.

Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

Халық қамы – басты назарда

1-бет Қалайда, әуежайдың жаңа кейіпке енуіне аз инвестиция тартылып отырған жоқ, ол өзін-өзі ақтауы тиіс, – деді Үкімет басшысының орынбасары.

"Бұған дейін нысан сапасының төмендігіне байланысты Мәскеу бағыты кейінге шегерілді. Әуежайды қайта қалпына келтіргенде жаңа әуе бағыттары ашылатын болады", – деді облыс әкімі Архимед Мұхамбетов.

Мәртебелі мейман бұдан соң сол маңдағы құрылыс қарқынды жүріп жатқан "Әуежай" шағын ауданындағы құрылыс жұмыстарымен кеңірек танысты. Жалпы, облыс орталығында тұрғын үй салу жұмысы күш ала бастады. Қостанайдың іргесіндегі "Юбилейный", "Северный", "Южный" тәрізді шағын аудандарында көп қабатты тұрғын үйлер салу үшін инженерлік-коммуникациялық жүйелер тартылып, заманауи үлгідегі зәулім үйлер бой көтеріп

жатыр. Ал "Қонай" шағын ауданында жекеменшік баспана салатын деушілерге жер телімдері беріледі. Бүгінде қалада жер телімін алуға он жеті мыңнан астам адам кезекте тұр. Жоба "Нұрлы жер" бағдарламасы бойынша жүзеге асады.

Алдағы төрт жылдың бөдерінде 1 млн шаршы метр аумақта 15 мыңнан астам пәтер салынады. Яғни, қала аумағы барынша ұлғайтылып, заман талабына сай үйлер тұрғызылмақ. Бұл туралы облыс әкімінің орынбасары Роза Кемалова мен қала әкімі Базыл Жақыпов жан-жақты айтып берді.

Асқар Мамин сондай-ақ, "АграмашХолдинг" АҚ-ында және "ЕвразКаспианСталь" серіктестігінде болды. Бұдан соң ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары кеңейтілген кеңес өткізіп, ауқымды мәселелерді шешу жолдарын талқыға салды. Толығырақ газетіміздің алдағы нөмірінен оқи аласыздар.

● "ҚАЗАҚСТАН-2050": БОЛАШАҚҚА БАҒДАР

Қазақстан-Қытай:

Автоөндірісті дамытудағы өзара ынтымақтастық

Нұрболат МЕШІТБАЕВ

Қазақстан мен Қытай премьер-министрлерінің кездесуі барысында өткен телекөпірде AllurGroup (Аллюр Групп) компаниясының өндірістік алаңында яғни, Қостанай қаласындағы "СарыарқаАвтоПром" ЖШС-нің техникалық базасында шығарылып отырған JAC автокөлігінің бірнеше модельдері таныстырылды.



Бұл салтанатты шараға Қытай Халық Республикасының (ҚХР) Премьер-министрі Ли Кэцян мен Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Бақытжан Сағынтаев және елімізде "JAC Motors" деп танылатын "Anhui Jianghuai Automobile Co., Ltd" әріптес компаниясы бас директорының орынбасары Ю Янг пен AllurGroup-тің директорлар кеңесінің төрағасы Андрей Лавренцев, Қостанай облысының әкімі Архимед Мұхамбетов қатысты.

Телекөпірде Андрей Лавренцев China National Machinery IMP. & EXP. CORP (CMC) қаржы компаниясы мен автоөндіріс саласында жақсы танымал JAC Motors кәсіпорынымен бірлескен өндірістік бағыттағы бірнеше нәтижелерге қол жеткізгендігін баяндады.

Оқырманға ұғынықты болу үшін біз алдымен үш әріптестік компанияның тарихына қысқаша тоқталып өтейік. "Anhui Jianghuai Automobile Co., Ltd" ("JAC Motors") кәсіпорны Қытайдағы алып өндіріс алаңы. Осы елдегі басты бес ірі көлік зауытының бірі. Жылына жарты млн көлік шығарады. Tipti, JAC маркалы жеңіл автокөліктер ғана емес, құрылысқа қажетті ауыр жүк машиналарын да құрастыруды бұл зауыт қамтамасыз етеді. "JAC Motors" тек Қазақстанмен ғана емес, әлемдегі 120-дан астам мемлекетпен тығыз әріптестік қарым-қатынаста. Бұл кәсіпорын сапалы тауар өндіріп, оны экспорттаудағы қызметі үшін Қытайдағы ұлттық жүлденің жеңімпазы. Ал, China National Machinery IMP. & EXP. CORP (CMC) автоөндіріс саласын дамытуда халықаралық ірі жобаларға қатысып жүрген белді қаржы компаниясы. Әлемдегі 160 мемлекетпен әсіресе, Ресей, Жапония, Австралия, Еуропа, Орталық Азия, Таяу Шы-



ғыс, Оңтүстік Америка және Оңтүстік-шығыс Азия елдерімен әлі күнге дейін бірлесіп жұмыс істейді. Қазақстандық AllurGroup (Аллюр Групп) елдің автотехникаға деген мұқтаждығын толықтай өтеп отырған бірден-бір автоөндіріс ошағы. Бұл компанияға "Агромашхолдинг" және "СарыарқаАвтоПром" ЖШС-нің өндірістік алаңдары тиесілі. Халыққа кеңінен танымал жеңіл автокөліктер SsangYong, Peugeot, JAC, Geely, Hyundai, Toyota Fortuner және коммерциялық техникалар Iveco мен JAC сияқты автокөліктер осы өндіріс ошағында құрастырылады. Қостанайда жеті мың автокөлік құрастырып отырған кәсіпорын 2020 жылға дейін мұның санын арттыруды көздеп отыр. "Агромаш-Холдинг" шаруалар үшін техниканың да түр-түрін нарыққа шығарып келеді.

Телекөпірде AllurGroup басшысы Андрей Лавренцев әріптестік бағытта атқарылған негізгі жұмыстарға тоқталып, болашақтағы жоспарларын да әңгімелеп берді.

– Қазір JAC Motors-тың брендіне айналған үш автокөлік моделін құрастырып отырмыз. Одан әрі өндірісті дамытуға 28 млн доллар қаржы құйылды. Соның 18 млн доллары China National Machinery IMP. & EXP. CORP (CMC) қаржы компаниясына тиесілі. 2017 жылдың сәуірінде JAC S3 автокөлік моделін дөңкерлеу және сырлау жұмыстары басталып, өндірісті оқшаулаудың 30%-ы іске асырылмақ. Үш жыл бойы

біз 50% межеге жетпекпіз. Әріптестік бағыттағы стратегиялық басты нысан – Кедендік одақ нарығына шығу, – деді сөзін қысқа-нұсқа аяқтаған Андрей Лавренцев.

Өз кезегінде JAC Motors компаниясы бас директорының орынбасары Ю Янг қазақ-қытай арасындағы әріптестік байланыстың тиімділігіне, одан әрі қарқынды дамуына ерекше тоқталды.

– Компания бүгін жедел дамып келеді. Әріптестік қарым-қатынастың аясында бизнестің бірнеше түрін игеруде. Алдағы уақытта жолаушылар автокөлігін құрастыруда да тамаша жетістіктер күтіп тұр. Жылына JAC S3 автокөлік моделінің 10 мың данасын шығару жоспарда бар. Бұл модельді Ресей еліне экспорттаймыз, – деп 2017 жылға үлкен жоспар құрғандарын баяндады.

Жалпы, JAC маркалы автомобилдерінің мінездемесінде болат пен темір материалдарын көп үнемдейтіндігі айтылады. Бұл Қытайдың мемлекеттік брендіне айналған автокөлік маркасы болып саналады. JAC-тың барлық түрі мемлекеттік қатаң бақылаумен сапалы әрі қауіпсіз шығарылады.

СУРЕТТЕ: Телекөпір аясында "СарыарқаАвтоПром" ЖШС-нің техникалық базасында шығарылған JAC автокөлігін таныстыру сәтінен көрініс.

Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

ЖӘРМЕҢКЕ!

12 қарашада сағат 9.00-де Сити-Орталықта, 8,9 шағынаудандар аралығында (Арыстанбеков көшесінің бойында) және КСК ауданы Герцен-Текстильщиктер көшелері қиылысында ("Жастар" бульва-

рының кіре берісі) облыстың аудандары мен қалалары тауарөндірушілерінің қатысуымен ірі көлемді ауылшаруашылық жәрмеңкесі өтеді.

Қосымша ақпарат тел.: 575 - 773.

● ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ

Бұқараның мұң-мұқтажын тыңдады

Қымбат
ДОСЖАНОВА

"Нұр Отан" партиясының республикалық қоғамдық қабылдау бөлмесінің өкілдері Федоров ауданы Пешков ауылының тұрғындарымен кездесті. Көшпелі қоғамдық қабылдауға жазылған ауыл азаматтары республикалық ведомстволар мен облыстық басқармалардың, құқық қорғау органдарының өкілдерімен бетпе бет кездесіп, сауалдарын қойды. Көпшілікті алаңдатқан мәселелер де сан түрлі. Басым көпшілігі мал шаруашылығын дамыту, жер телімдерін алу, зейнетақы тағайындау, ауыл мектептерін жас мамандармен қамтуға қатысты еді.

Іс-шараға партияның республикалық қоғамдық қабылдау бөлмесінің меңгерушісі Жұмажан Жүкенов, облыстық филиал төрағасының бірінші орынбасары Ғазиз Бекмұхамедов, Федоров ауданының әкімі Тәуба Исабаев және облыстық басқармалардың өкілдері, заңгерлер, медиаторлар қатысты. Әртүрлі сала мамандары тұрғындардың мұң-мұқтажын тыңдап, құқықтық кеңес берді.

— Біз бірінші рет бастауыш партия ұйымдарымен бірлесе ауыл-аймақтарға келіп отырмыз. Кез келген азамат қоғамдық қабылдау бөлмелерінде ақысыз кеңес алады. Қалың бұқараны толғандырған түйткілдің түйінін тарқату біздің негізгі мақсатымызға айналды. Халықпен бірлесе жұмыс істеу партия төрағасы Н.Ә.Назарбаевтың тікелей тапсырмасы болатын, — деді республикалық қоғамдық қабылдау бөлмесінің меңгерушісі Жұмажан Жүкенов.

Қоғамдық қабылдауға жазылған азаматтардың бірі — ауыл тұрғыны Қуаныш Мұқанов "Сыбаға" мемлекеттік бағдарламасы арқылы мал шаруашылығын дамытқысы келеді. Мал жайылымына арналған жер учаскесін алуды жоспарлап отыр. Қуаныш Мұқанов Қостанай облыстық жер қатынастары басқармасының басшысы Нұрлан Әбдуовпен кездесіп, бағыт-бағдар сұрады.

— ҚР Жер кодексіне сәйкес, ҚР азаматы ауыл шаруашылығы мақсатында жер алуға құқылы. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдері конкурс негізінде беріледі. Мұндай әдіс қолданыстағы заңнаманың ашық, әділ, қолжетімді жүзеге асуын қамтамасыз етеді. Конкурсстың шарттары аудандық газетке жарияланады. Хабарландыру шыққан күннен бастап отыз күн ішінде құжаттары-



ңызды жергілікті әкімдікке тапсырасыз. Керекті құжаттардың тізімі аталған хабарламада толығырақ жазылады. Конкурсстың тәртібі осындай. Мен сізге Федоров ауданындағы жер қатынастары бөліміне барып, өтініш жазуға кеңес беремін. Өз өтінішіңізде жер учаскесін нақты қандай ауылдық округтен алуды қалайтыныңызды және қандай мақсатта қажет екенін жазасыз. Жерді алған соң мақсатты түрде игеруіңіз керек. Егер жерді игермей, иесіз қалдырсаңыз сізге айыппұл салып, жер учаскесін қайтарып алады. Іске кіріспес бұрын, жауапкершілікті де ұмытпаңыз, — деді Қостанай облыстық жер қатынастары басқармасының басшысы Нұрлан Әбдуов.

Федоров ауданы.

СУРЕТТЕ: қоғамдық қабылдаудың қатысушылары.

Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

● ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Пешков ауылындағы кездесу

Өткен аптада "Нұр Отан" партиясының республикалық қоғамдық қабылдау бөлмесінің мамандары Федоров ауданындағы Пешков ауылына барды. Астаналық делегация бастауыш партия ұйымдарының белсенділерімен кездесіп, партияның ардагерлерін алғыс хаттармен марапаттады.

Елордадан келген меймандардың Пешков ауылына табан тіреуі тегін емес. Аталған ауылда "Нұр Отан" партиясының екі бастауыш ұйымы белсенді жұмыс істеуде. Бұл — бір деңіз. Екіншіден, мемлекет басшысының саясатын дұрыс жүзеге асыруда осы екі бастауыш партия ұйымы облыс бойынша көш бастап тұр.

"Нұр Отан" партиясының негізі — бастауыш партия ұйымдары. Осы қағиданы ескерген астаналық делегация қияндағы ауылдың халқымен жүздесті. Тұрғындардың сауалдарын тыңдап, тиісті жауаптарын берді. Федоров ауданының әкімі Тәуба Исабаев аймақтағы партия филиалының биылғы жылы жасаған жұмысын қорытындылап, есеп берді.

— Партияның негізгі қызметтерінің бірі — азаматтарға арналған қоғамдық қабылдауларды ұйымдастыру. Мұндай қабылдаулар тұрғындарға нақты көмек көрсетуге мүмкіндік береді. Партияның Федоров аудандық филиалының қоғамдық қабылдауына биыл 256 адамнан өтініш қабыл-



данды. Сауалдардың басым бөлігі жұмыспен қамту, әлеуметтік қамту, тұрғын үй және жер учаскелерін бөлу, кәсіпкерлік пен несиелендіру, сот жүйесі, құқық қорғау органдары мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылыққа қатысты, — деді аудан әкімі Т.Исабаев.

Елімізде партияның қоғамдағы рөлі жыл сайын артып келеді. "Нұр Отандықтардың" қатары да көбеюде. Партияның басты міндеті Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың "100 нақты қадам" Ұлт жоспарын қалың бұқараға түсіндіру, насихаттау. Аталмыш ұйым алдыңғы буын, аға ұрпақты ерекше

құрметтейді. Осы мақсатта "Ардагерлерді ардақтайық" жобасы қолға алынған болатын. Маңызды басқосуда ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан бір топ ардагер партияның орталық аппаратының алғыс хатымен марапатталды.

— "Нұрлы Жол" мемлекеттік бағдарламасы арқылы көптеген нысандар іске қосылып, тозығы жеткен жолдар қайта жөнделді. Қыруар жұмысты істеуге жеткілікті қаражат та бөлінді. Ел қазынасынан бөлінген ақша қалай жұмсалуда? Оны бақылауды Елбасы партияға жүктеген болатын. "Нұрлы жер" бағдарламасын халыққа жеткізу, насихаттау да партиялықтардың міндетіне айналды. Жауапкершілігі мол іске партиялықтар белсене кірісті, — деді "Нұр Отан" партиясының республикалық қоғамдық қабылдау бөлмесінің меңгерушісі Жұмажан Жүкенов.



Бақылауды күшейткеннен нәтиже бар

Қыдырбек
ҚИЫСХАНҰЛЫ

Қостанай облыстық көліктік бақылау инспекциясының жыл басынан бері 9 айда толымды жұмыстар атқарған. Атап айтқанда, алдымен көліктік бақылаудың барлық бағыты бойынша қадағалау күшейтіліпті. Тек автокөлік саласында ауыр салмақты және ірі габаритті техникалардың жүріс-қозғалысынан бюджетке 100 млн теңгеге жуық қаражат түсіп отыр. 66,9 млн теңге залал келтірген 960 құқық бұзушылық анықталған. Өткен жылдың осы мерзіміндегі көрсеткіш - 403. Кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты 25 тексеру жүргізіліп, олардан 59 өрескелдік анықталыпты. Соның негізінде 12 нұсқама толтырылып, 1 млн теңгеден астам айыппұл салынып, өндіріліп алынды. Қостанай облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясының басшысы Асылболат Қайырғалиев:

— 2016 жылдың 9 айында темір жол көлігі саласында 12 шаруашылық субъектіге қатысты тексеру жүргізілді. Қорытындысы бойынша 195 құқық бұзушылық анықталса, оның 173-і теміржол көлігі қозғалысына қауіп төндіретін өрескел құқық бұзу әрекеті болып табылады және заңсыздықтар жойылғанға дейін кірме жолдарды пайдалану тоқтатылды, осы жөнінде 4 нұсқама берілді. 39 әкімшілік іс толтырылды (2015 жылғы мерзімде - 8), яғни, 6 есеге артқан. Бүгінгі таңда "ҚТЖ" ҰК" АҚ филиалдарына қатысты іріктеулі тексерулер жүргізіліп, 33 бағыттамалы бұрмалар мен 20 темір жол жолдарын пайдалану тоқтатылды, — деді.

Су көлігі саласын бақылау бойынша әкімшілік іс - 80-ге жеткен

екен (2015 жылдың аталған мерзімінде - 13 материал), ол 2015 жылға қарағанда 6 есеге артқан. Жаздың суда жүзу маусымында "Скутер" акциясы жарияланып, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 582 бабының 3 бөлігі, 583 бабының 3 бөлігі, 580 бабы, 581 бабының 2 бөлігі, 582 бабының 1 бөлігі бойынша 65 әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылып (2015 жылы - 13), 237,5 мың теңгенің айыппұлы салынып, 100% өндіріліп алынған.

Көлік заңнамасын түсіндіру және көліктік қауіпсіздік пен автокөлік жолдарының сақталуын қамтамасыз етудегі көліктік бақылау инспекциясының рөлі, сондай-ақ, жүк тасымалдаушылармен ашық әңгімелесіп, өтініш-талаптарын тыңдау, қоғамдық пікірлерін білу мақсатында Қостанай облысы бойынша мемлекеттік қызмет істері департаментімен, көлік прокуратурасымен, ішкі істер департаментімен бірлесіп, жаздың күндері "Жолдағы қабылдау" акциясын өткізгені жайында бұған дейін де жазылған болатын.

Айта кету керек, 2016 жылдың 9 айында Қостанай облысының көліктік бақылау инспекциясы былтырғы жылдың осы мерзімімен салыстырғанда, Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің құрылымдық бөлімшелері арасындағы рейтингте 16-шы көрсеткіштен 4-ші орынға көтеріліп отыр.

СУРЕТТЕ: Асылболат Қайырғалиев.

Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

● ДЕРЕК

Өнеркәсіптегі баға

Өндіруші-кәсіпорындардың өнеркәсіптік өнімдері бағаларының индексі 2016 жылғы қазанда 2015 жылдың желтоқсанымен салыстырғанда 110,3% құрады.

Өндіріс құралдарына бағалар 26,7%, өндірілген өнімге — 10,4%, тұтыну тауарларына — 9,4%, өнеркәсіптік сипаттағы көрсетілетін қызметтерге — 9%, аралық тұтыну өнімдеріне — 7,9% жоғары болды.

Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу өнімдері 5,5%, өңдеу өнеркәсібі — 14,4% қымбат болды. Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау 7,4%, сумен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтардың жиналуын және таратылуын бақылау — 16,2% қымбаттады.

Елдің тойына ұласқан ердің тойы



Тәуелсіздіктің 25-жылдық мерейтойы шеңберінде Елордада "Тәуелсіздікке тағзым" деген атпен ақын Серік Тұрғынбекұлының шығармашылық кеші өтті.

Халықаралық Алаш сыйлығының иегері, ақын Серік Тұрғынбекұлының шығармашылығы елге етене таныс. Сондықтан да болар, өн мен жырдан сусындауға ниет білдіріп, Конгресс-холлға жиналған көрермендер

көп болды.

Шығармашылық кеште С.Тұрғынбекұлының 70 жасқа толған мерейтойына байланысты ҚР Парламенті Сенатының төрағасы Қ.Тоқаевтың, ҚР Мемлекеттік хатшысы Г.Әбдіхалықованың, "Нұр Отан" партиясы төрағасының бірінші орынбасары М.Құл-Мұхаммедтің құттықтау хаттары оқылды.

Ақынның туған өлкесі Қостанайдан барған делегация мүшелері облыс әкімі А.Мұхамбетовтың атынан арнайы сыйлық табыстап, елдің ыстық сөлемін жеткізді. Сонымен қатар, Серік Тұрғынбекұлына "Жанкелдин ауданының құрметті азаматы" атағы табысталды. Қостанайлық өнерпаздар О.Мұқатова, А.Шыңғысов, Д.Ибраева мен А.Сәдуақас Тобыл-Торғай өңіріне арналған әндерді тарту етті.

Кеште ақынның өлеңдері

оқылып, "Мұқағали", "Шәмшінің әні" драматургиялық қойылымдарынан үзінді көрсетілді. С.Тұрғынбекұлының сөзіне жазылған туған жер, өскен өлке, Астана туралы әсем әндерді Н.Нүсіпжанов, Т.Асар, С.Жұмағалиев сынды өнер тарландары нақышына келтіріп орындады.

Концерт соңында мерейтой иесі сөз алып, кешті ұйымдастыруға мұрындық болған Астана қаласының әкімдігіне, ел азаматтарына шынайы алғысын білдірді. Серік Тұрғынбекұлы өз сөзін:

— Қостанай облысының әкімі Архимед Мұхамбетовтың шақыруымен Қостанайдан басталып, туған жерім Торғайда жалғасын тапты. Бүгін Астанада халқымның алдында шығармашылық есеп бердім. Ақын үшін бұдан артық бақыт жоқ, — деп түйіндеді.

"Айтбайдың сарыны" Астанаға жетті

Елордадағы Конгресс-холл сарайында қазақтың күй өнеріне өзіндік леп әкелген дәулескер күйші Айтбай Мұздахановтың "Нұрлы таң" атты шығармашылық кеші өтті.

Айтбай Мұздаханұлы атаның қанымен, ананың ақ сүтімен дарыған қасиетті өнерді қастерлеп, дәріптеп жүрген абзал азамат. Оның шығармашылық жолы сонау 60-жылдардан бастау алады. Өнерінің арқасында республикалық және Бүкілодақтық байқаулардың жеңімпазы атанады. Тағдырдың жазуымен оң қолынан айырылып қалса да, уақыт өте келе домбырасын қайтадан қолға алған болатын. Осылайша, 60-тан астам күй мен 40-қа жуық өн жазып, халқымыздың музыкалық мұрасын еселеуге ерекше үлес қосты.

Шығармашылық кеште композитор, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері А.Жайымов жетекшілік ететін Астана қалалық мемлекеттік академиялық филармониясының қазақ оркестрі А.Мұздахановтың шығармаларын жоғары шеберлікпен орындады. Сонымен қатар, композитордың әндерін А.Қоса-

нова, Н.Тұрлыбеков сынды белгілі әншілер құлақ құрышын қандырып орындап берді.

Айтбай ағаның ізін қызы, белгілі күйші, домбырашы Анар Мұздаханова жалғап келеді. Концертте Анар Айтбайқызы әкесінің "Қызыл керуен", "Тархан баба" сияқты шығармаларымен қатар, "Тәуелсіздік" атты өзінің күйін де орындап берді.

Екі сағат бойы тапжылмай отырған көрермен қауымы Айтбай Мұздаханұлының өзінің орындауындағы "Айтбайдың сарыны" деген күйге орнынан тұрып, ерекше қошеметпен қол соқты.

Кеш соңында ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты А.Тасболатов, Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасының басшысы Е.Қалмақов, белгілі меценат С.Ысқақовтар сөз сөйлеп, ізгі тілектерін білдірді.

Айтбай Мұздаханұлына Қостанай облысының әкімі А.Мұхамбетовтың құттықтау хаты мен арнайы сыйлығы табысталды.

Өз тілшімізден.

● ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛ

Жетістіктерге толы жыл

Облыстық тілдерді дамыту басқармасы жыл сайын "Ой-сана", "Абай оқулары", "Тілдарын" және О.Бөкей атындағы көркемсөз оқу шеберлерінің байқауларын ұйымдастырады. Аталған іс-шаралардың мақсаты — мемлекеттік тіл саясатын кеңінен насихаттау, үш тілді қатар меңгерген жастарға қолдау көрсету.

Үш тілді жетік білетін жастар арасындағы "Тілдарын" республикалық олимпиадасы Бурабайдағы "Балдәурен" оқу-сауықтыру орталығында өткен болатын. Оған Астана, Павлодар, Қостанай, Көкшетау, Атырау, Ақтөбе, Алматы, Семей, Қызылорда, Тараз және Қарағанды қалаларынан 18-22 жас аралығындағы 15 қатысушы барды. Жеті қатысушы ағылшын тілінің мұғалімдері. Қалған сегізі — студенттер. Үш тілде сауатты жазып, мүдірмей еркін сөйлеген Аида Әмірова жүлделі 2-орын мен 80 мың теңгенің сертификатын иеленді.

Облысымыздың атын шығарып, мерейімізді үстем еткен жастардың бірі — Айдана Камел. Ол Шымкент қаласында өткен О.Бөкей атындағы көркемсөз оқу шеберлерінің XVIII республикалық байқауында 1-орын мен 150 мың теңгенің сертификатын алды. Қостанай облысының және Арқалық қаласының атын республи-



ликаға танымал өткен Айдана мен Айданың алар асулары көп болсын. Мұндай жетістіктердің арқасында қалалық тілдерді оқыту орталығы биылғы жылды

жемісті аяқтағалы отыр.

Баян СӘУРАҚЫЗЫ,
қалалық тілдерді оқыту орталығының директоры.
Арқалық қаласы.

● ДАБЫЛ!

Жетіқара емес, Жітіқара

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі жариялаған қазақ жеріндегі өзгерген темір жолы бекеттерінің атауы туралы жаңалықты естіп, қатты қуандық. Алайда, Қостанай облысында орналасқан Жітіқара теміржол бекетінің жаңадан берілетін атауы немесе транскрипциясы Жетіқара деп көрсетіліпті. Біздің ойымызша, бұл өрескел қате. Өйткені, сол хабарламада бекеттің орналасқан жері Қостанай облысының Жітіқара ауданы деп атап көрсетілген. Бір ауданда Жетіқара және Жітіқара деген екі түрлі атау болмайды ғой.

Жітіқара қаласының атауы біраз уақыт Жетіқара деп жазылып келгені рас. Жітіқара орыс тілінен қазақшаға көшкен атау емес, керісінше, алдына "Д" әрпін қойып, бұрмаланып жазылған атау болды. Содан орысша Джетыгара болып айтылған сөз қайтадан "шала қазақшаланып", Жетіқара болып бұрмаланған болатын. Қазіргі уақытта тарихи әділет қалпына келтірілді.

Орыс патшасының өкілі Тевкелевтің 1748 жылы жазылған құжаттарында: "Абулғархан кочует ныне от Орска на вершине Камышлак-реки на двуденную езду, а Джанебек-тархан — по реке Тоболу у называемой горы Джитыкара езды на три дня" ("История Казахстана в русских источниках ХУІ-ХХ веков", том 3, 152 бет) — деген деректер бар. Осы орыс тіліндегі тау атының жазылуынан да, оның атауы Жетіқара емес, Жітіқа-

ра болғаны көрініп тұр.

Кейінгі уақытта жарық көріп жатқан барлық энциклопедиялық анықтамалықтар мен кітаптарда, Уикипедияда Жітіқара — Қостанай облысының Жітіқара ауданындағы қала, аудан орталығы деп атап көрсетілген. Қостанай облысының Жетіқара қаласы мен Жетіқара ауданы атауларының транскрипциясын өзгерту туралы және Жітіқара қаласын аудандық маңызы бар қалалар санатына жатқызуды туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына назар аударайық. Онда: "1997 жылғы 30 сәуірдегі № 3475 "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 9-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. Атаулардың транскрипциясы: Қостанай облысының Жетіқара қаласы мен Жітіқара қаласы; Қостанай облысының Жетіқара ауданы Жітіқара ауданы болып өзгертілсін.

2. Қостанай облысының Жітіқара қаласы Қостанай облысының Жітіқара ауданының құрамына енгізіліп, аудандық маңызы бар қалалар санатына жатқызылсын" — деп тайға таңба басқандай жазылған.

Олай болса, кеткен қателікті тез арада өзгерткен жөн.

Ақылбек ШАЯХМЕТ,
Ахмет Байтұрсынов атындағы ҚМУ-дың
профессоры, жазушы.
Қостанай қаласы.



Қызықты экскурсия

Айтолқын
АЙҚАДАМОВА

Қостанай қаласының №1 өрт сөндіру бөліміне №2 мектеп-лицейдің 2 "Г" сынып оқушылары экскурсияға барды. Оқушылар өрт сөндірушілердің жаттығатын спорт залын, сауықтыру бөлмесін, диспетчер бөлімін аралады. Осы жерде тәулік бойы кезекшілік атқарылады, олардың жауапкершілік кешендері белгіленген қала және аудан карталары бар. Әңгімелесу барысында оқушыларға рациямен қалай жұмыс істейтінін көрсеткен мамандар балалар қойған сұрақтарға жауап та беріп отырды.

Балаларға өрт сөндіру бөліміндегі жабдықтардың барлық тетігі көрсетілді. Бастауыш сынып мұғалімі Инна Киселева: "Бұл экскурсия балалар үшін өте маңызды. Себебі, олардың көбісі өрт сөндірушілердің жұмысы аса қауіпті және қиын екенін біле бермейді. Бүгін олар осы жұмыстың қыр-сырымен танысып, мұндағы мамандар шыдамды, жігерлі және ұйымшыл қасиеттерімен дараланатынын көрді", — деді.

Балалар отпен ойнаудың арты кейде орны толмас қиындыққа апарып жататынын түсінді. Ал өрт сөндіру ісімен таныс болған әр бала өз ісіне жауапты болады деген сенімдеміз.

● ҚР ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ – 25 ЖЫЛ

Тұғырымыз –
тәуелсіздік

Тәуелсіздік. Мәңгілік ел. Алаш. Осы бір қарапайым сөздердің астарында қаншама мағына жатыр десеңізші, себебі, кешегі аталарымыз бен аналарымыз армандаған асқаралы үміттің сан ғасырдан кейін жүзеге асқаны, өзін қазақстандықпын деген азаматты толғандырмай қоймасы ақиқат. Өткен күн-тарих екені және оның ерлік пен күреске толған беттерін парақтай отырып, біз бүгін Тәуелсіздігіміздің ширек ғасыр мерекесін атап өтумен қатар, өткен күнге де зер саларымыз айқын.

Дәуір алмасуымен қатар, өмір сүріп жатқан қоғамымыз да түбегейлі өзгеріске ұшырады. Себебі, егемен елдің өз жолы, қоғамды онан әрі дамытудың өз заңдылықтары бар екені сөзсіз. Бізге, халыққа білім беру саласында қызмет жасап жатқан қызметкерлер үшін де тәуелсіздік өзінің айрықша қырынан көрінді. Білім берудегі Кеңес жүйесі жаңа дәуірде талап етілетін мақсаттарға сай емес екенін өмірдің өзі дәлелдеді. Міне, сондықтан да білім саласында жаңа реформалар жасалып, ертеңгі күннің болашақтың азаматтарын дайындау міндеті жүктелді. Осы бағытта қиындықтар да, жетістіктер де болғаны шындық. Айта кету керек, кешегі басымыздан өткен 90-шы жылдардағы қиыншылықта біздің Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының жабылып қалу қаупі де болғаны рас, бірақ, заманында қасиетті Тор-

ғай аймағында еліміздің тәуелсіздігі үшін күрескен Шақшақ Жәнібек, Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов, Аманкелді мен Кейкі батырлар, Әбдіғарпар және басқа да көрнекті классик ақын-жазушылар шыққан өңірдегі білім ордаларының қара шаңырағы-институт Елбасының тікелей қолдауымен сақталып қалды. Бұл да болса, біздің тәуелсіздігіміздің жетістігі.

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтына келер болсақ, ол да басқа жоғары оқу орындары сияқты өзінің алдына қойған Стратегиялық жоспарына сәйкес еңбек етуде, себебі, біздің студенттеріміз өздерінің өмір жолын педагогикалық мамандықпен тығыз байланыстырғаннан кейін еліміздің болашағының іргетасын қалайтын жеткіншекті, алғаш рет өліппені қолына ұстатқаннан бастап, көмелеттік аттестатты алғанша білім нәрімен сусындатып және өмірге деген көзқарастарына бағыт-бағдар беретін мұғалім болғысы келеді. Сондықтан да, тәуелсіздігімізді алғаннан кейінгі жылдарды сараласақ, институтымыз жаңа ғасырдың талабына сай келетін, нарық заманында бәсекелестікке қабілетті, креативті ұстаздар дайындап және оларға инновациялық тұрғыда білім беруде. Тәуелсіздік алған уақыттан бастап институт қабырғасынан ұшырылған түлектердің сексен пайыздан астамы жылма жыл еңбек нарығында өздерінің алған сапалы білімінің арқасында, ұстаздық мамандығымен еңбек етуде және сұранысқа ие. Біздің түлектеріміз облысымыздың оңтүстік аудандарының мектептерінде, Ақмола облысының Жарқайың, Жақсы және Есіл аудандарында, ал ішінара Астана және Қостанай қалаларында,

еліміздің оңтүстік облыстарында мұғалім болып еңбек еткеніне мақтанамыз. Оның сыртында мемлекеттік "Дипломмен – ауылға!" бағдарламасы бойынша да біздің түлектеріміз ауылдық мектептерге жұмысқа орналасуда. Биылғы оқу жылында жеті түлегіміз Арқалық қаласының ауылдық метептерінде осы аталмыш бағдарламамен ұстаздық етіп, баспанаға ие болды. Міне, бұл жетістіктер тәуелсіздікпен тығыз байланысты.

Бүгінгі таңда Ыбырай атамның атындағы педагогикалық институтта он тоғыз мамандық бойынша педагог кадрлар дайындаймыз және оқып жатқан студенттердің географиясы ауқымды. Олар, Торғай-Тобыл аймағы, Орал мен Ақтөбе, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Ақмола облыстарынан. Шалғайдан келіп оқуға түскен студенттер жатақханамен қамтамасыз етілген. Екі жатақханамыз бар.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бөлген оқу гранты мен "Серпін" бағдарламасы бойынша және ақылы оқу бөлімдеріне биылғы оқу жылы 727 студент қабылданды. Бұл көрсеткіш өткен оқу жылдарымен салыстырғанда біршама жоғары. Институттың ғылыми оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру шеңберінде жаңа педагогикалық технологияларды енгізу бойынша жыл сайын алыс және жақын шет елдердің жоғары оқу орындарында біліктіліктерін көтеруде. 2015-2016 оқу жылында алты оқытушы шетелдік оқу орындарында біліктілікті жоғарылату курсынан өтті: Испания, Португалия, Жапония, Германия және Словакияда болды. Ал студенттеріміз академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша еліміздің басқа педаго-



гикалық институттарында білімдерін ұштауда. "Педагогикалық жоғары оқу орнының білімдік ортасында әлеуметтік-зерттеу құзыреттілікті қалаптастыру" ғылыми-зерттеу бағыты бойынша біздің институттың профессор-оқытушылар құрамының еңбектері оқу үрдісіне енгізіліп, үнемі республикалық және шетелдік ғылыми басылымдарда жарияланып тұрады. Бірнеше оқытушымыз "Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы" атағына ие. Институтымыз "Университеттердің ұлы хартиясының" мүшесі, Фридрих Эберт атындағы қормен, Ресей және ТМД елдерінің жоғары оқу орындарымен мәдени және ғылым салаларында тығыз байланыстамыз. Бұл тың өзгерістер мен жетістіктерге біз, тек тәуелсіздіктің ғана арқасында жеткеніміз шындық.

Тәуелсіздік алғаннан кейін ғана біз өз студенттеріміздің оқу үрдісіне жаңа технологияларды енгіздік. Оларға барлық жағдай жасалған, дәрісханалар заманауи оқу құралдарымен және ғаламтор желісімен толық жабдықталған. 2013-2020 жылдарға арналған Стратегиялық жоспарымызда құзыретті, көптілді, ақпаратты технологияларды меңгерген педагог мамандарды дайындау көзделген. Сондықтан біз болашақ педагог кадрларға жаңа заманауи талаптарға сай білім беру, оларды көшбасшылық қалыпта тәрбиелеуді өзімізге

мақсат етіп қойдық және институт қабырғасында алған білімін әрбір түлек келешекте өз оқушыларына талдау, сараптау және іс жүзінде қолдану бағытында тәлімге үйретудеміз. Бұл – тәуелсіздік талабы. "Білімдіге – биік орын бар" деп аталарымыз айтқандай, өз ісіне аса ыждағаттылықпен қарайтын, студенттердің арасында жоғары беделге ие болып жүрген білікті оқытушыларымыз баршылық. Оларды біз мақтан тұтамыз, себебі, олардың барлығы да Тәуелсіз елдің болашағы – жастарды ертеңгі күнге дайындау үшін еңбек етуде. Сонымен қатар, институтымыз аймақтағы барлық шағын кешенді мектептердің оқу-әдістемелік тәжірибелік алаңына айналды. Бұл да заман талабына сәйкестендірілген шаралар.

Басты жеңісіміз – Тәуелсіздік, ал біздің қасиетті міндетіміз – оны қорғау, мемлекетіміздің тұғырын нығайту. Білім саласында еңбек етіп жүрген қызметкерлер үшін Ұлт жоспары-"100 нақты қадамды" жүзеге асыру және еліміздің ертеңі – бәсекелестікке қабілетті білімді мамандар даярлау. Осы міндеттерді абыроймен орындау Тәуелсіздігіміздің мерейтойына тартуымыз болып табылады.

Сейітбек ҚУАНЫШБАЕВ,
Ы.Алтынсарин атындағы
Арқалық мемлекеттік
педагогикалық институтының
ректоры.

Арқалық қаласы.

● ДІНІҢ – ДІНГЕГІН

Дін және жастар

Қуаныш
ЕСҚАБЫЛ

Рудный қаласының №19 орта мектебінде "Дін және жастар" тақырыбында семинар өтті. Оған қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы Алматы Жылыспаев, РИИ-дың тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры Жасұлан Алпысбаев, "Нұр" мешітінің бас имамы Сейіт Темірбекұлы қатысып, оқушы жастарға асыл дініміз бен діни тұрақтылыққа нұқсан келтіретін мәселелер жайлы әңгіме қозғады.

Бүгінгі таңда дінтанулық білімді жетілдіру, осы саладағы білім беруді жүйелендіру және оны оқытатын мамандарды даярлау мәселелері өте өзекті болып табылады. Сондықтан биылдан бастап 9-сынып оқушыларына "Зайырлылық және дінтану негіздері" міндетті факультативтік курсы енгізіліп отыр. Осы пәннің мақсаты мен көздеген міндеттері жайлы осы шараны ұйымдастыруға ұйытқы болған тарих пәнінің мұғалімі Ғали Саналиев өз баяндамасында тереңірек тоқталып өтті.

Жаһандану ғасырында, ғаламдық құндылықтарға қауіп төніп отырған сындарлы уақытта жастар тәрбиесі де өзектілігін жоғалтқан емес. Сондықтан осы мәселеге тереңірек тоқталған РИИ проректоры, саяси ғылымдарының кандидаты Жасұлан Алпысбаев жастарға дінмен қатар ата-бабадан мұра болып келе жатқан ұлттық дәстүрлерімізді қатаң сақтауға шақырды. Ол жат ағымдарға қарсы тұруға мүмкіндік беретін басты құрал – ұлттық идеология екендігін атап өтті. Себебі, діни сауаты жоғары, білімді азаматтың рухани құндылығы мен идеологиясы болмаса барлығы бекер. Жас ғалымның сөзін әрі қарай жалғаған дін өкілі Сейіт Темірбекұлы:



– Расында, қазіргі алмағайып заманда бала тәрбиесінің нашарлауы, қоғамда жаман әрекет пен жат қылықтардың көрініс табуы, жас ұрпақтың бүгінгі рухани және мәдени келбетін қалыптастыруға теріс әсер етіп жатыр. Бірақ та қоғам мен мемлекет жастарға зор сенім артады, – деп атап өтті.

Шара барысында жастар көкейдегі сұрақтарын да қойып, тұшымды жауаптар ала алды. Жастарды көбінесе Исламның бес шарты, хиджаб мәселесі, Исламның діни мерекелерінің басқа діни мерекелерден айырмашылығы мен діни төзімділік мәселелері қызықтырды.

Айта кетейік, "Дін және жастар" тақырыбындағы семинардың ұйымдастырылуына мектептің жаңа директоры Гүлжазира Смағұлова ұйытқы болып отыр. Сондықтан ол шараның қызықты, әрі тартымды өтуіне атсалысқан қонақтарға ризашылығын білдіріп, алхыс хаттар табыстады. Семинар соңында әннен шашу шашылды.

● СТАТИСТИКА МӘЛІМЕТТЕРІНЕН

Тұтыну бағалары

Инфляцияның жалпы деңгейін сипаттайтын тұтыну бағасының индексі 2016 жылғы қазанда 2015 жылдың желтоқсанымен салыстырғанда 106% құрады.

Жыл басынан азық-түлік тауарларына бағалар 4,5% көтерілді;

азық-түлік емес тауарларға бағалар 6,2% жоғары болды; ақылы қызметтер көрсетуде бағалар мен тарифтер 7,4% өсті.

Азық-түлік тауарлары

Алкогольсіз сусындар 19,8%, қант – 17,8%, май және тоң майлар – 11,4%, нантоқаш өнімдері және жармалар – 10,9%, жұмыртқа – 9,4%, сүт өнімдері – 5,7%, балық және теңіз өнімдері – 5,4%, алкогольдік ішімдіктер – 3%, ет – 2,6% қымбаттады, жемістер және көкөністер – 9,6% арзандады.

Темекі өнімдері 6,5% қымбат болды.

Азық-түлік емес тауарлар

Бағаның жоғарлауы фармацевтикалық өнімге (13,3%), ұзақ пайдаланылмайтын тұрмыстық тауарларға (8%), үй тұрмысына қажетті заттар, тұрмыстық техника және тұрғын үйге ағымдағы қызмет көрсетуге (6,2%), киім мен аяқ киімге (5,7%) болды.

Жанармай 3,5% қымбат болды.

Ақылы қызметтер көрсету

Тұрғын үй-коммуналдық қызметтерінен суық су 26,7%, орталықтан жылыту – 25,5%, көріз – 19,8%, тарату желілері бойынша тасымалданатын табиғи газ – 13%, электр энергиясы – 3,7%, ыстық су – 0,2%, қоқыс жинау – 0,1% қымбат болды. Сақтандыру, құқықтық қызметтері 7%-дан, білім беру – 6,7%, жолаушылар көлігі – 4,9%, байланыс – 0,8% қымбаттады.

● ҰСЫНЫС

Ауылдық кооперативтер құрса

...Шынын айтсақ, гүлденіп, жаңғырған ауыл да, әлі де ыңыршағы айналып, құр сүлдері қалған елді мекендер де бар. Әсіресе, басқасын айтпағанда, суды ауыл шетіндегі құбырдан шелектеп таситындарды да, отқа көмір, кей үйлер тезек жағатындарды да көрдік. Осындай ауылдың бірінен бір ақсақалды әңгімеге тарттық:

— Кеңшарлар жабылғаннан кейін, ауылдың оқыған, білікті жігіттері мал мен техниканы, жерді бөліп-бөліп алды. Бірінші жылы тапқан табыстарына аудан, облыс, кейбіреулері Астана қаласынан үй сатып алып, отбасын сол жаққа көшірді. Қазір олар ауылға жылына екі-ақ рет келеді. Ауылда тұрақты тұратын олардың күзетшілері ғана. Байшыкештер көктемде 10-15 механизаторымен келіп, тұқым сеуіп кетеді де, күзде 20-25 механизаторымен келіп, егіндерін жинап, алып кетеді. Бұрын егін орғаннан кейін, егістікте мая-мая сабан қалатын. Қазір ол да жоқ.

Ең соңында ол "бір кезде көз алдымызда жалаңбұт өскен балалар, бүгін бізді жалаңбұт қалдырып отыр", — деп күрсінді. Ақсақалдың бұл әңгімесінен барлық аймақта жағдай осындай екен деп отырғаным жоқ. Елдігін сақтап, жұртпен әп-әдемі жұмыс істеп отырғандар да бар. Бірақ ақсақалдың айтып отырғаны ащы шындық екені рас.

Бұрын бір шаруашылықта орта, жоғары білімі бар 15-20 маман болушы еді. Бүгінгі ауылдан ондай көп маманды көрмейсіз. Олардың барлығының жұмысын білсе де, білмесе де қаржыны үнемдеу үшін шаруа қожалығының жетекшісі өзі атқарады. Сонда не болды?

Колледж, институттар кімдерді дайындап жатыр? Дипломдарын үйге тастап, базарда арба сүйреп жүрген жастар көбейіп барады. Маман болмаса жердің құнарлылығын кім тексереді? Өнімді молайтудың жолын кім көрсетеді?

"Енді не істеу керек?" деген заңды сұрақ туындайды. Қайткен күнде ауылдың жағдайын жақсартамыз? Ауылдағыларға жұмыс беріп, олардың тұрмысын қалай көтере аламыз? Меніңше, мәселелерді шешетін жол көп.

Ең алдымен — ауылға еңбек адамын қайтаруға көңіл бөлу керек. Екінші басты проблема — басқаларға керек, нарықта сұранысқа ие деген өнімді өндіру және де сол өндірген өнімге нарықтан орын тауып, тиімді сату, барынша пайда табу.

Болашақта мемлекет есебінен немесе жекелер есебінен (аралас та болады) мамандандырылған ірі-ірі ауылшаруашылық кооперативтерін құрса. Кооперативтің міндеті айқын болу керек. Алдымен меншіктегі жерден өзімізге, содан кейін са-

туға не өндіре аламыз, оған қандай мүмкіндіктеріміз бар дегенді саралап, белгілегеніміз жөн. Еліміз бен алыс-жақын көршілердің базарларын толығымен зерттеп, шеттен нені сатып алатынымызды, көршілердің қандай өнімге сұранысы бар, өзіміз өндіргенді қайтсек тауарға айналдырып, сатып пайда табамыз, т.с.с сұрақтарға жауап іздеп, содан кейін жұмысты жоспарлап, өнімді өсіру, өңдеу, сақтау және тасымалдаудың тиімді технологиясын жасайды. Кооператив бар жұмыстың менеджері болуы керек.

Ауылшаруашылық кооперативінің еңбек қатынасы толық шаруашылық есепке көшіріліп, алдын ала жасалған келісім-шартта олар не өндіруге тиіс, ол өнімдерді кооператив қашан, қандай бағамен сатып алатыны белгіленеді. Әр маман, жұмысшы тек қана өз шаруасымен айналысқаны дұрыс. Түйіп айтқанда, егінші егін егіп, малшы малын бағып, барынша арзан әрі мол өнім беріп, қалған шаруаны кооперативтің менеджерлері өз мойындарына алады. Бұл ең бірінші еңбек адамының өзіне, өзінің еңбегіне деген сенімін арттырады сөзсіз. Ал сенім бар жерде, өнім де болады. Ал, бүгін ше? Шаруашылық қожалықтарының иелері өздері тұқым мен техниканы, оларға қажетті бөлшектерді іздейді, өздері тұқым себеді, өздері жи-

найды, өздері осынша маңдай термен келген өнімді қайда, қандай бағамен сатамын деп бастары ауырады. Еңбекті жаңаша ұйымдастыру оларды толып жатқан жұмыстардан босатады. Олар тек қана өнім өндірумен айналысады, басқаға бастары ауырмайды және алдын ала жасалған келісім-шартқа байланысты өндірген өніміне қарай қажетті бағасын алады. Сол қаржымен бірге ол өзіне деген, өзінің еңбегіне, еліне деген сенімі артады.

Әрине, ауыл адамына мұндай жағдай жасау көп қаржыны талап етері сөзсіз. Шығынға қарамай, солай істеуге тура келеді. Кооператив мүшелеріне тұрғын үй, түрлі қоймалар мен өндіріс орындарын, кеңсе мен балабақшаларды, мектептер мен сауда, медициналық қызмет орындарын салу керек. Оған кеткен шығындардың барлығы ертең-ақ өтелері сөзсіз. Біздің жерімізде не өспейді? Ал жері байдың елі бай болуы — дәлелді қажет етпейтін аксиома.

Ауыл адамының еңбегін бұлайша ұйымдастырудың тағы бір талабы бар. Ол — "жерде өскен жерде қалмасын" деген тілек. Мысалы, бүгінгі шопан өз еңбегінің жартысын ғана қажетке жаратып жүр. Ол қойдың етін ғана пайдаға асырады. Ал оның жүні, терісі, сүйегі үшін шопан көк тиын да алмайды. Олардың барлығы шашылып далада қа-

лады. Қойдың терісінен тон тігіп, жүнінен неше түрлі бұйымдар тоқып, сүйегінен құс шаруашылығына қажетті сүйек ұнын өндіруге болады. Тіпті, қойдың қиынан жерге қажетті органикалық тыңайтқыш өндіруге болады ғой. Болашақ ауылшаруашылық кооперативтері (әрине, Үкіметтің қолдауымен) осы айтылғандарды жүзеге асыратын болса, шопанның табысы бүгінгіден бірнеше есе артар еді.

Біз айтып отырған ауылшаруашылық кооперативтерін ең алдымен шағын қалалардың қасынан ұйымдастырған дұрыс болар еді. Себебі, қай жағынан болса да қалалардың мүмкіндіктері мол. Екіншіден, жақын жерден жағдай жасап берсең, бүгінде екі қолы алдына сыймай отырған қалалықтар ол кооперативтерге қуана-қуана барары сөзсіз. Бұл қалалардағы жұмыссыздықты, тұрғын үй проблемасын, қаланы қажетті азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселелерін шешер еді.

Қаланың жанындағы ауылға суды да, электр энергиясын, газды да, жолды да алып баруды жеңілдетері сөзсіз. Бұл кооперативтер өздерінің тиімділігін дәлелдегеннен кейін, оларды алыс аудандарға алып баруға болды. Өзінің мамандығына, өніміне алар бағасына сенімді болса, қазақтың тауды да бұзып, тасты да жарары сөзсіз.

Қуанышбай ОРМАНОВ.
Қостанай қаласы.

● ҚҰАТТЫ БИЗНЕС – ҚҰАТТЫ МЕМЛЕКЕТ

«Даму» қорының қолдауымен



Айтолқын АЙҚАДАМОВА

Бақыткүл Қабдығалиева көсіпкерлікпен бұрыннан айналысып келеді. Бұл сала оған жақсы таныс десе де болады. Ол өз ісін сонау екі мыңыншы жылдарда бастаған еді. Содан бері көп уақыт та өтті, бизнестің шартта-

ры да өзгерді. Бірақ сол уақытта іскерлік әлеміне келген қыз-келіншектер нағыз бизнес ледилерге айналды десе де болатындай.

Бақыткүл бүгінде жолдасы Нұрланмен арнайы тауар сататын дүкенді басқарып отыр. Олар бірігіп, сол уақыттан бастап қалада кеңсе тауарларын сатуды бастады. Уақыт өте келе оның биз-

несі ұлғайды. Кеңсе тауарлары — бұл күнделікті сұранысқа ие тауар, сондықтан сауда қарқындай түсті, енді жеке меншік дүкен ашу қажеттілігі туындады. Ендігі жерде өздерінің сатып алушыларына қолайлы жағдай жасау үшін арнайы дүкен ашуға бел буды.

2011 жылы "Гафура" дүкені ашылды. Бұл идеяны жүзеге асыру үшін қаншама күш-жігер мен шығынның жұмсалғанын айтпай-ақ қойса болады. Онымен қоса, сауда орындарын жаңа тауарлармен толықтыруды қамтамасыз ету керек еді. Оларға да айналым қаражатының жетіспеушілігі қиындық туғызды.

Осы орайда "Даму" Қорының көмегіне жүгініп көруге бел буды. Осылайша, 10 млн теңге мөлшерінде несиелер алуға мүмкіндік алды. Бұл жағдайға "Даму" Қоры кепілдік қойды. Қор 5 млн теңге сомасында кепіл берді, бұл несиенің барлық көлемінің жартысын құрайды.

Банктің 14 пайыздық сыйақының 10 пайызын мемлекет өтейді, ал қалған 4 пайызын ғана несиеленуші төлейді, бұл өте жақсы қолдау болды.



Бірлескен жоба жемісі

Айтолқын АЙҚАДАМОВА

Қостанай облысының аймақтық үйлестіру кеңесінің жекеті отырысында "ЖК Ленинское" ЖШС жеңілдетілген қаржыландыру бойынша шағымы мақұлданды. Компания мал азығын сатып алу үшін 8,5 % -бен 30 миллион теңге алуға қол жеткізді. Тиімді шарттарды ұсынған "Даму" Қоры мен Қостанай облысы әкімдігінің бірлескен бағдарламасы көптеген кәсіпкерлерге жол ашуда.

Аталмыш серіктестік бес жыл бойы мал шаруашылығымен, соның ішінде шошқа мен торай өсірумен айналысып келеді. Олар асыл тұқымды малдың басын көбейтуді қолға алған. Несиені ала отырып, малдың жем-шөбін арзан бағамен ала алады. Осының арқасында көпшілік тұтынатын ет тауарларының да бағасын төмендетуге болады. Бұл біздің облысымызда жеңілдетілген қаржыландыруға қол жеткізген кезекті серіктестік.

● Ы.АЛТЫНСАРИННИҢ ТУҒАНЫНА 175 ЖЫЛ

"Сөнбес шырақ"

**Гүлназым
САҒИТОВА**

Ы.Алтынсарин атындағы облыстық балалар мен жасөспірімдерге арналған кітапханада есімі елімізге, соның ішінде облысымызға танымал ақын Серікбай Оспановтың "Сөнбес шырақ" атты кітабының тұсаукесері болып өтті. Іс-шара Ұлы ұстаздың туғанына 175 жыл толуына арналды.

— Оқырмандарға, соның ішінде жастарымызға ұстаздың ұлы тұлғасын, халық алдындағы зор еңбегін насихаттау, сол секілді шығармашылығымен, өлінің, жерінің тарихымен, мәдениетімен таныстыру, өз еліне деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында осы іс-шараны ұйымдастырып отырмыз. Бұл кітаптың ерекшелігі сол, ата-

мыз Ыбырайдың тұлғасымен, дүниетанымымен, ақындық ортасымен, шәкірттерімен, зерттеушілермен, үш жұрты — өз жұрты, қайын жұрты, нағашы жұртымен, жұмбақ қазасы туралы жайындағы әңгімелер жаңаша көзқараспен берілгенін аңғарасыз, танысасыз. Кешімізге қатысқан

өміріне, тәрбиелік мәні бар әңгімелері туралы, Ыбырай мен Алаш тұлғаларының арасындағы сабақтастық жайында қысқаша баяндама жасады, — деді кітапхана маманы Бибігүл Латыпова.

Кеш барысында облыстық Ы.Алтынсарин атындағы мемориалдық мұражайдың қызметкері Роза Қуанова, Ы.Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернатының ұстазы М.Қадірғалиева кешке қатысушыларды атамыз Ы.Алтынсарин туралы біршама қызықты, тағылымды мағлұматтармен таныстырды. Кеш қонағы, кітап авторы ақын Серікбай Оспанов ұстаз Ы.Алтынсарин жайлы,



Ы.Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернатының оқушылары Д.Жанатаев, А.Аманжолова ақын Серікбай Оспановқа арналған өлеңдер оқыса, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының студенттері С.Жанжігітов, В.Рамазанова, А.Мұқажанова Ы.Алтынсариннің

кітап мазмұны жөнінде тереңірек мәліметтер келтіре отырып айтып берді. Сол секілді ақын өзінің домбырасымен ән шырқады, кітапханаға сый ретінде кітабын сыйлады.

**СУРЕТТЕ: кештен көрініс.
Суретті түсірген
Бағдат АХМЕТБЕКОВ.**

**Ұлы ұстаз еліндегі
мереке**

Жақында Алтынсарин ауданында даланың дара ұстазы Ыбырай Алтынсариннің 175 жылдығы атап өтілді. Щербаков ауылындағы Ыбырай саябағында өткен игі шараға жиналғандарды аудан әкімі Б.Ахметов құттықтап, ауданның Алтынсарин атымен аталу кезеңіне де тоқталды.

— 1991 жылы аудан Ұлы ағартушының атымен аталды. Қазіргі таңда аудан орталығындағы Обаған орта мектебі Алтынсарин атамyzдың атымен аталған. Аудан әкімдігі саябағында Ұлы Ұстазға арналған ескерткіш те ашылды, — деді аудан әкімі Б.Ахметов.

Сондай-ақ, шараға облыс орталығынан ат терлетіп келген қонақтар да бүгінгі игі іске мұрындық болғандарға өз ризашылықтарын білдірді.

— Ағымдағы жылы өңірімізде Ы.Алтынсаринге арналған көптеген іс-шаралар болып өтті. Бүгінгі мерекелік жиынды соның қорынтындысы десек те болады. Аудан басшылығына, жастарға, әріптестерім — мұғалімдерге мұндай шараларды өткізіп жатқандарыңыз үшін алғыс айтқым келеді, — деді белгілі ғалым, профессор Қалқаман Жақып.

Аталған шара аясында қолданбалы шығармашылық шеберлерінің жұмыс жәрмеңке-көрмесі, аудандағы шығармашылық ұжымдарының қатысуымен музыкалық-сауықтыру бағдарламалары, ұлттық спорт түрлерінен ойындар мен мерекелік сауда ұйымдастырылды.



Сонымен қатар, жас өнерпаздар да қонақтарға өз өнерлерін паш етті.

Сабыр МОЛДАҒАЛИЕВ.
Алтынсарин ауданы.
Суреттерді түсірген автор.

● КЕДЕРГІСІЗ КЕЛЕШЕК

**Адамның күні
адаммен**

**Айтолқын
АЙҚАДАМОВА**

Юрий Дебенко — 2 топтағы мүгедек. Ол өткен жылы кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығына өтінішпен келген болатын. Ескі автокөлігіне газ қондырғысын орнатып беруге көмек сұраған еді. Қазіргі кезде қай іске болмасын, демеуші табу оңай емес. Бұл қызмет қымбат тұратынын (150 мың шамасында) түсініп, көңілі түсіңкіреп кеткені бар. Ол біреуге күнін салған емес, жекеменшік тасымалмен айналысады. Тасымалмен айналысу табыс көзі ғана емес, сүйікті ісі деуге болады. Өйткені оның еркін жүріп-тұру мүмкіндігі шектеулі, ал жұмысы арқылы клиенттерімен араласады, үнемі жұмыспен жүреді.

Мүгедектігі бойынша алатын жәрдемақы күнкөріске жетпейді, сондықтан үнемдеуге тура келеді. Қазіргі кезде көптеген жүргізушілер өздерінің көліктеріне газ қондырғысын орнатқан, қондырғы өзінің құнын жарты жылдан кейін ақтайды. Өте тиімді. Осыны түсінген Юрий көлігіне қондырғы орнатуды көптен армандап жүр еді.

Қуанышқа орай оның арманы орындалып, көмек беретін жандар табыла кетті. "GreenAuto" компаниясының командасы Альтаир Мохоревтың басшылығымен көлікке газ қондырғысын тегін орнатып берді.

"Бағдарламаға қатысу үшін өтінім бергенде, маған көмек көрсетіледі дегенге сенбедім. Бірақ, кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығының менеджері, маған көмек көрсететін кәсіпкер бар екенін айтқанда, төбем көкке жеткендей қуандым. Кез келген арман орындалады, тек қол қусырып отыра бермей, талпыну керек екен", — дейді Юрий.

Ол "Даму" Қорына, кәсіпкер Альтаир Мохоревке көрсеткен көмектері үшін, жеке бизнесін дамытуға мүмкіндік бергеніне алғыс айтты.

● ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ —
ҚАСТЕРЛІ ҚАСИЕТ**Жабыққан жанға
жәрдем**

Қостанай облысы ТЖД өрт сөндіру және апаттық-құтқару жұмыстары қызметінің қызметкерлері үйлері өртеніп, қиындыққа тап болған Ырғызбаевтардың отбасына көмек берді. Тілсіз жаудың құрбаны болған отбасы мүшелері дін аман, бірақ барлық мүлкі өртке оранған болатын.

Ырғызбаевтар отбасы ең бастысы бастарының аман қалғанына шүкіршілік етеді. Оларға көмек қолын созып жатқандар барынша қолдау көрсетуде. Адамның күні адаммен екенін осындайда сезесің. Кадр қызметі бөлімінің бас маманы-психолог Анна Волощук отбасы мүшелерімен кездесіп, қарсы алған балаларға түрлі тәттілерді табыс етті.

Материалдық көмек ретінде жылы киімдер, басқа да керек заттар әкелінді. Қазір күн суытты, ал отбасы мүшелерінің ешқандай киетін киімдері жоқ. Көмек бергендердің бәрі "қайырымды болу — әр адамның басты борышы" деп санайды. Мұндай қиын жағдай өркімнің басында болуы мүмкін. Сондықтан бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара білгенде ғана қиындықты жеңуге болады.

Анар Ырғызбаева өрт сөндіру қызметіне көрсетілген материалдық көмек үшін алғысын білдірді. Алдағы көктемде отбасы мүшелері үйлерін қайта салып, қуанышты күнге аман-есен жетулерін тілеп отыр.



Денсаулық



Ұлт саулығы – басты назарда

Еліміздің тәуелсіздігінің 25 жылдығында Арқалық өңірлік ауруханасы көп нәтижелерге жетті. Осы уақыттарда қаланың ауыл және ауылдық округтерімен қатар, көршілес Аманкелді, Жанкелдин, Жарқайың аудандарының тұрғындары да келіп емделді.

2006 жылы облыс қазынасынан 360 млн теңге қаражат бөлініп, ауруханамыз үш жылға жоспарланған уақыт ішінде заманауи күрделі жөндеуден өтті. 42 млн теңгенің медициналық құрал-жабдықтарына қол жеткіздік. Соның арқасында асқазан, бүйрек, іш құрылысы ауруларын жіті қарауға мүмкіндік туды. Қондырғылардың тілін дәрігер-мамандарымыз жақсы меңгерген. Қазіргі таңда халықтың белгілі бір топтарын жан-жақты скринингтік тексеруден өткізу үстіндеміз.

Біздің ауруханада терапия, травматология, хирургия, реанимация, инфекциялық тәртізді жал-



пы саны 15 бөлімше жұмыс істейді. Оларда 150 маман еңбек етуде. Жыл сайын қатарымыз жас мамандармен толығыда. Мәселен, өткен жылы өңірлік ауруханаға 1 балалар дәрігері, 1 терапевт, 1 хирург келіп, жұмысқа орналасты. Олар мемлекет тарапынан берілетін тиісті көтерме қаржыларын алып, әкімдік тара-

пынан тұрғын үймен де қамтамасыз етілді.

Аурухана ғимараты сәулетті, жылы, жарық. Ыстық, суық суы бар. Барлық жағдай жасалған. Сырқаттар жайлы жерде емін алып, алғыстарын айтып кетіп жатыр. Жұмысымыздың бәрі компьютерлендірілген, заманауи жабдықтар да жеткілікті. Учаскелік дәрігерлер портал арқылы жұмыс істейді, квота кезегін компьютер өзі белгілеп, уақытын көрсетіп тұрады.

Жылма жыл медициналық жабдықтарды жаңғыртып отыру – заман талабы. Мемлекеттік бағдарлама бойынша медициналық жабдықтар жаңғыртылып тұрады. Жаңа жылға дейін 3 млн теңгеге жүректі қарайтын монитор мен аурулардың диагностикалық жабдықтарын алуды жоспарлап отырмыз. Дегенмен, кадр тапшылығы шалғайда орналасқан Арқалық өңірі үшін де басты проблема екендігі жасырын емес. Бүгін-



де біздің ауруханаға кардиолог, невропатолог мамандары жетіспейді. Сондықтан, осы қажетті мамандарды дайындап, оқытуды жоспарға енгіздік.

Халық денсаулығын басты назарда ұстаймыз, осыған орай қажетті шаралар да жасалуда. 2017 жылы күшіне енетін міндетті медициналық сақтандыру жүйесіне әзірлік жұмыстары қарқынды жүруде. Келешекте ауруларды осы жаңа жүйе арқылы қарап, емдейтін боламыз. Жөн-жобасын ақпарат құралдары арқылы халыққа айтып, түсіндіріп жатырмыз. Бұл жүйенің халыққа пайдасы көп. Балаларға, зейнеткерлерге, мүгедектерге, дәрігерлік есепте тұратындарға үкіметтің кепілдендірген жәрдемімен тегін қызмет көрсетіледі. Жұмыс істейтіндерге жұмыс орны 2%, қызметкердің өзі 1% ай сайын тұрақты жарна аударып тұрады. Ең жақсы жері – кез келген қалада қалаған емін ала береді.

Қайырымдылық шараларын да естен шығармаймыз. Әр жыл сайын түрлі акциялар өткіземіз. Соғыс ардагерлеріне тегін қызмет көрсетіледі. Ай сайын туберкулез ауруларына, балалардың диатеттік ауруларына арналған онкүндіктер өткізіп тұрамыз.

Ұжымда ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек етіп келе жатқан медицина ісінің майталмандары көптеп саналады. Диколой Әлмәғанбетов, Болат Сейтжанұлы, Құмар Жұмағалиұлы, Тұяқ Тарбақұлы сынды ардагер дәрігерлеріміз жылдар бойы қалыптасқан бай тәжірибелерін жас мамандарға үйретуден өсте жалықпайды.

Басты байлық – денсаулық. Сондықтан, әр шаңырақта амандық, табыс, денсаулық болсын! **Қуандық СМАҒҰЛОВ,** Арқалық өңірлік ауруханасының бас дәрігері. Арқалық қаласы.

Психологтардың да көмегі зор

Бүгінде әлемді жайлаған АИТВ/ЖИТС (ВИЧ/СПИД) дертімен күрес біздің елімізде де жан-жақты жүргізілуде. Ғасыр індетіне айналған бұл дерт Қазақстанда алғаш рет сонау сексенінші жылдардың аяғында пайда болған көрінеді. Осы күні еліміз бойынша АИТВ-ға шалдыққандар саны жиырма мыңнан асып жығылады. Ал, ЖИТС бойынша екі мыңға жуық науқас есепте тұр. Сондай-ақ, аталмыш дерттер туралы Алматы қаласы көш бастап тұрса, біздің Қостанай облысы бесінші орында екен...

Үстіміздегі жылдың тоғыз айындағы мәліметтерге сүйенсек, облыс бойынша 1700-ден астам адам АИТВ инфекциясымен тіркеуге алынса, соның төрт жүзден астамы көз жұмған. Сондай-ақ, ЖИТС бойынша есепке алынған қосан науқастың қырықтан астамы қайтыс болған. Жалпы, дертке шалдыққандардың 90 пайызы 15 пен 49 жас аралығындағылар. Ал ауру көрсеткіші бойынша едеттегідей Қостанай мен Рудный қалалары алдыңғы қатарда. Асылы, бұл дерттің түп тамырына балта шабу мүмкін болмай отырса да, СПИД-ке қарсы күрес орталығының мамандары ауруды ауыздықтау мақсатында түрлі шараларды жүзеге асыруда. Соның ішінде, аурудың алдын алуда мұндағы психолог мамандардың да көмегі зор. Мәселен, орталықтағы рухани-әлеуметтік кабинетке келетіндер саны өте көп. Кабинеттің психолог дәрігері Әділхан Жабаевтың айтуынша, күніне кем дегенде жүзге жуық адам бас сұғады екен. Әрине, мұнда келетіндердің бәрін осы дертке шалдыққандар деп ойлау әбестік. Олар СПИД-тің алдын алу үшін сақтық шараларын жасауға ниетті жандар. Кабинетке келгендердің бұл жерде кез келген ақпаратқа қанығып, дерт жайлы кеңес алуларына да мүмкіндігі мол. Себебі, бұл аурудың әрі қарай тарап кетуіне жол бермес үшін алдын алып, ескертіп, кеңес беру де осы кабинеттегі психолог дәрігердің басты міндеті.

– Кез келген адам бұл дерт



жайлы толыққанды мәліметті білуі керек. Біздің орталықта есепте тұрған адамдар жасына қарамайды, балалар мен жастар, орта жастағы, тіпті егде жастағы кісілерге дейін бар. Сондықтан, біз әрбір облыс тұрғынына осы аурудың таралу жолы мен одан сақтану жолдары туралы айтып, құлақтандырып отырамыз. Тіпті, өз есімін айтқысы келмеген жандарды да біз құпия түрде қараймыз. Ол адам туралы, науқас жайында туған-туыстарына, таныстарына да жариялауға біздің құқымыз жоқ, ол "дәрігерлік құпия" деп аталады. Жақындарына науқас адам тек өзі ғана айтуға құқылы. Сондықтан, тексерістен өтуге ықылас білдіргендер тегін әрі құпия түрде тест тапсырып, медицина қызметкерлерінің көмегіне жүгіне алады. Сондай-ақ, біз қаламыздағы медицина-

лық колледждің студенттеріне де ауру жайлы толық мағлұматтар береміз. Барлық медицина мекемелерінің қызметкерлері, қан орталығының мамандары, тіс дәрігерлері де міндетті түрде тексеріліп, психолог кеңесін алуы тиіс. Өйткені, олар инемен жұмыс істейтіндіктен, жалғыз АИТВ/ЖИТС-ті ғана емес, гепатит сияқты басқа да жұқпалы вирусті ауруларды жұқтырып алуы мүмкін, – дейді психолог дәрігер Әділхан Жабаев.

Жалпы, дертті жұқтырып алған науқас ең алдымен психологтың алдынан өтеді екен. Өйткені, ауру жұқтырған адам бірден үрейленіп, өзіне қол жұмсауы да мүмкін. Ал, психолог мамандар ондай жандарды сабырға шақырып, аурумен күресуге үгіттейді. Сондықтан, психолог мамандардың айтуынша, АИТВ (ВИЧ) инфекциясы бұл өлім тақады деген үкім емес.

– Негізінде осы дертті жұқтырған адамдар өзін қоғамға керексіз сезініп, айналасындағылардың да ондай жандарға деген көзқарастары өзгеріп сала береді. Тегінде, оларды да қоғамның толыққанды мүшесі екендігін мойындауымыз керек. Бұрын дерттің таралу көзі тек нашақорлар болатын, ал қазір олардың қатарына жеңіл жүрістілер де себепші болып отыр. Яғни, кездейсоқ жыныстық қатынастың соңы осыған әкелетінін ұмытпау керек. Сондықтан, әсіресе жастарға айтарым, ең алдымен кездейсоқ жыныстық қарым-қатынастан бойларыңды аулақ ұстандар дегім келеді. Салауатты өмір салтын ұстанып, есірткі, темекі, арақ сияқты зиянды әдеттерден аулақ болған кез келген адам өз-өзін АИТВ мен ЖИТС-тен қорғай алады. Әр адамның өз денсаулығы өз қолында, – дейді психолог Әділхан Жабаев.

Қ.МАРАТҚЫЗЫ.

Лимонды әдетте тропикалық жеміс, яғни "жеңсік жеміс" деп білеміз. Дегенмен, оның адам денсаулығына пайдалы өзге де қасиеттері бар екен. Ондағы витаминдер мен пайдалы қоспалардың молдығы сонша, оны "әмбебап жеміс" деуге де келеді. Тамақ ауырғанда, іш қозғанда, тіпті гепатитте лимонды естен шығармаңыз!

Лимонмен емдеуге болатын сырқаттар

Тамақ ауруы (Ангина)

Тамақ қатты ашыған кезде бір лимонның жартысын қабығымен жеңіз. Ащы? Есесіне өте пайдалы! Сонымен қатар, лимон шырынымен тамақты шаюға болады. Оны сумен (1:3 пропорциясында) араластырып, бір күн бойы әр сағат сайын жеңіл шайып отырасыз.

Бронхит

Егер бронхитке дейін жетсеңіз, тазаланған ақжелкектің 50 грамын 2-3 дана лимонның шырынымен араластырасыз. Сосын шәй қасықпен күніне төрт рет қабылдап отырасыз. Сонымен қатар, сарымсақпен лимон қоспасы да асқынған бронхиттің алдын алады. Ол үшін 5 лимонды қабығымен және 4 бүтін сарымсақты майдалап, араластырасыз. Содан кейін, бір литр су қосыңыз. Сосын қараңғы жерде бес күн сақталуы тиіс. Дайын болған дұниені күніне үш рет тамақтанудан 20 минут бұрын қабылдау керек.

Лоқсу

Лоқсу немесе қызыл маза бермесе лимонның жартысын сығып, алынған шырынға жарты шәй қасық сода қосасыз. Арнайы қоспаны бірнеше рет қабылдағаннан кейін лоқсу да, қызыл да артта қалады.

Тұмау

Шәйге дәрілік шөптермен қоса лимонды да салып ішіңіз. Алдымен суға қырмызы, жалбыз, шәлім (шалфей) мен жолжелкенді салып қайнату керек. Осындай әмбебап қоспа ағзадағы кальцийдің мөлшерін теңгереді. Ал кальций дене температурасының төмендеуіне таптырмас ем болады.

Атеросклероз

Ас қасық қарағайдың туралған қылқан жапырағына бір стақан қайнаған су қосып, 30-60 минут күту керек. Ол дайын болғаннан кейін бір лимонның сықпасын қосыңыз. Сосын күніне үш мезгіл тамақтан бір сағат бұрын, 15-20 күн бойы әр кез бір стақаннан ішіп тұрыңыз.

Гепатит

Бұл аурудың алдын алуда лимон шырынын немесе оның сумен қосындысын ұдайы ішкен пайдалы. Ол үшін лимонды қабығынан аршып, қайнаған су қосыңыз. Сосын 12 сағат салқын жерде тұрғаннан кейін күнделікті ішіп тұру керек.

Гипотония

Артериалды қан қысымы төмендеген кезде 5-6 лимонды еттурағыштан өткізіңіз. Дайын болған лимонды пюреге бадан жапырағының туралғанын (100 г) салыңыз. Сосын оны қайнаған суға қосып, 36 сағат мұздатқышта сақтаңыз. Ал содан кейін жарты килограмм бал араластырыңыз. Барлығын жақсылап араластырғаннан кейін тағы 25 сағатқа мұздатқышқа қоясыз. Содан соң, күнде үш мезгіл тамақтан 30 минут бұрын қабылдаңыз. Емделу мерзімі үш апта.



Бетті дайындаған Қарлығаш ОСПАНОВА.

● ЖАТ АҒЫМДАР

Теріс ағымды ауыздықтайтын уақыт келді

Біз кеше ғана мұсылман болған ел емеспіз. Біз дін мен дәстүрін ардақтаған, салтын сақтай білген жұртпыз. Қазақ хандығы Алтын Ордадан бөлініп шыққан кезде дін мен дәстүріне берік мемлекет ретінде өз іргесін қалады.

Кеңес үкіметін қанша жамандасақта, дінімізге шектеу қойса да, бүгінгідей қаптаған жат ағымдар болған емес. Кеңес үкіметі дінімізге тыйым салып, тар қыспақта ұстаса да, ата-бабаларымыз өмірдің небір ащы-тұщы зұлматтарына (діндарларды қудалау, ату, соттау, аштық, жұт, соғыс т.б...) шыдамдылықпен төзіп, кейінгі ұрпақтарына дініміз бен салт-дәстүрімізді жеткізіп, аманат етіп қалдырды. Қай ата-ана болмасын "артымнан дұға жасайтын ұрпағым қалсын", – деп, балаңның баласына үйрет деп "Құлқуалласын" (Ықылас сүресін) үйретіп, өмірден өткенін бүгінгі орта жастан асқан қарттардың баршасы біледі.

Қазақстан зайырлы мемлекет, яғни дін мемлекеттік саясаттан бөлінген. Қазақстанда дәстүрлі дін – Ислам, Әбу Ханифа мәзһабы, Матуриди ақидасы. Біз осыны ұстануымыз керек. Ал осыны ұстанбаса – радикалды немесе жат ағым болып есептеледі.

Жақында Ақтөбе қаласында болған лаңкестік әрекет бүкіл Қазақстанды дүр сілкіндірді, қалғып кеткен қоғамды селт еткізді. Елімізде Ханәфи мәзһабымен катар ислам дінінің атын жамылған сәләфи ағымы ашықта, жасырын да өздерінің істерін қарқынды жүргізіп келеді. Енді, осы жат ағымдар елімізде қашан, қалай пайда болды, соған тоқталсақ.

Егемендіктен кейін сыртқа есік ашылған сәтте еліміздегі аз оқуды місе тұтпаған жастар діни оқу орындарын іздеп Сауд Арабиясына барып, діни білім алған соң елге оралып, Қазақстанда уаһабшылдықтың кең өріс жаюы үшін білек сыбана кірісті. Ол жақтан үйренгендерін, өз білгенінше балаларды ашықта жасырын оқыта бастады. Жастардың, жасөспірімдердің діни бағыт-бағдарын басқа арнаға бұрып, шетелдің діни әдебиетімен қаруланған олар үй-күйден шағын медреселер ашты. Ол кезде діни сауатын ашып жатқандарына ризашылық білдіріп, тыйым салынбады. Ол оқудың бағыты уаһабшылдықтың кең өріс жаюы болды. Бұл діни тармақ Сауд Арабиясында 1990 жылдары пайда болды. Сөйтіп, уаһабшылдар "қалыпты сәләфилер" деген жалаң тұжырыммен жұмыс жасауға көшті. Уаһабшылдардың бұл әдіс-айласы "тақийя" (жасырын) деп аталады. Яғни, олардың бұл әккі әдісінен елімізде уаһабшылдықтың "тақийяшылар" атты тармағы шықты. Осы тақийяшылар уаһабшылдық қозғалыстың ішіндегі ең қауіпті тармағы саналады. Өйткені, тақийяшылар қалың бұқара-

ның қамын жеген болып, дәстүрге дәрмен, пәктікке – пәрмен бергенсіп, көпшіліктің сеніміне кіріп, сәті келгенде, өз идеологияларын тықпалауға тырысып бағады. Нәтижесінде, айналдырған бес-он жылдың ішінде ағым мүшелерінің саны күрт артып, көбейген үстіне көбейе түсті. Ақпарат дерек көзінде сәләфиліктер 80 000 адам десе, оның 15 000-ы Астанада екен. Демек, сәләфилер санын салыстырмалы түрде айтар болсақ, жалпы саны облысымыздағы Арқалық қаласы тұрғындарының санындай екен, ал Астанадағы сәләфилер саны Жанкелдин ауданының барлық халқының санына пара-пар болып отыр, бұл қуанарлық жәйт емес әрине. Ал, сәләфизмге заң тұрғысынан тыйым салсақ, Араб мемлекеттерімен дипломатиялық қарым-қатынасымызға көлеңке түседі деген уәж айтылып жүр. Демек, осы уәждің негізінде бізде сәләфизмді "қалыпты", "радикалды" деп екіге бөліп қарастырып отыр. Қалыпты деген сөз – "бұлардан еш қауіп-қатер жоқ" дегенге саяды. Қалыптыларына еркіндік берілді, нәтижесінде қаншаға өскенін жоғарыда айтып өттік. Ал, радикалдары кеше қалыптылардың сапында болғаны, айтпаса да түсінікті шығар...

Ғаламтордың бақылауда екені баршаға аян. Олай болса, сәләфизмді, радикализмді, экстремизмді таратып отырғандарды неге анықтап, құрықтамасқа? Неліктен оларға тосқауыл қойылмайды? Неліктен оларға қаржылай демеу беріп отырғандарды тыймайды? Неліктен шет елден де келіп жатқан қаражаттың қандай мақсатта жұмсалғанын тексермеске?

Ал, барлық сәләфилік ағымдардың діни көзқарастары, айтары бір, "Шәкәрім шатасты", "Абай адасты", Мәуліт "бидғат", домбыраны "харама", наурызды "ширік" дейді. Тарихына түкіреді, әдет-ғұрпына пысырмайды. Ал осындай ұстанымдағы сәләфизм қалай "қалыпты" саналып, елімізде тайраңдап жүр? Ашығын айтар болсақ, біздің дініміз жат ағымдар алдында шектен тыс дәрімсіз, кешірімпаз, байсалды, тереңнен ұзақ толғайды. Олай дейтініміз ақпарат бетінде: "Күнделікте намаз оқып жүрген жамағаттың 30 пайызға жуығы – басқа ағым өкілдері". Оларға сәләфит, яки басқа ағымда болғаны үшін "мешіттен шығып кет" деуге қақымыз жоқ. Олар имамдарға құрметпен қарап, уағыз-сөзін тыңдаған сияқты болып отырады. Бірақ олар негізгі идеологиялық күшті, негізгі бағытты интернет арқылы басқа бір сырттағы шейхтардан немесе теологтардан алады", – дейді. Бұл дініміздің ұстанымы, білім, әдеп, сабырлық екені рас, дей тұрсақ та Алланың қасиетті үйіне жат ағымдылардың қалауынша емін-еркін кіріп-шығып жүруі, боз өкпе жас-



тарды өз ағымдарына тартуы үшін әдейі намазға қатысулары басынғандық, ал біздің тараптың біле тұра, үндемей инабаттылық жасап, кішіреюімізден олар "бәдәуи" секілді (мешітке кіші дәрет сындырған) мұсылман бола қоймас, яғни тыя алмасақ дәрімсіздігіміз.

Енді, осы радикалды ағымдардың таралуының басты факторларының негізгі күші – адами фактор мен қару-жарақ көзіне аздап тоқталсақ. Кешегі дүркіреп тұрған Кеңес үкіметі "қару-жарақ" сататын дүкенін ашпады, тіпті, колхоз, совхоздың малын қасқырдан қорғау үшін шопан малшыларына аңшы мылтығын тауып беру қиын болды. Азын-аулақ берген мылтықтарын милицияға тіркеген соң ғана беретін еді. Ал, бүгінде Қазақстанда 123 қару-жарақ дүкені бар, орташа әр облысқа 8 қару-жарақ дүкені келеді екен. Онда қауқары күшті қырып жоятын "ұңғымалы атыс жарақтары" бар. Осындай жай аңшылар дүкенінде қырып жоятын "ұңғымалы атыс қаруын" сатуға қоюы дүкен атына мүлде қайшы, оны қалай түсінуге болады? Мұны жасырын желеу етіп, экстремистерге әр қаладан ыңғайлы сәтте қару-жарақ дайындау тәсілі демеске бола ма? Олай дейтініміз, "Қорамсақ" қару-жарақ қауымдастығы вице президенті Сергей Катновтың мәлімдемесіне назар аударайық. Қару дүкендеріне шабуылын жасағанда содырларды ең алдымен қызықтыратыны аңшы қаруы емес, қауқары одан күшті ұңғымалы атыс жарақтары дей келе, осыдан бес жыл бұрын басбұзарлардың әрекетінен соң, қауіпсіздік шарасын жасағанын айтады. Бірақ, қауіпті екенін біле тұра "ұңғымалы атыс құралын" сатудан алып тастамаған. Осы жерде неге деген орынды сұрақ туындайды. Одан әрі Сергей Ақтөбе содырларды аңшылық қаруымен бірге ұңғымалы қаруды да қолға түсіргендігімен, одан оқ атылмаған дейді көріп тұрғандай. Сонда лаңкестер атылмайтын күшті қаруды ұстап жүру үшін алғаны ма? Тіпті, ешқандай ақылға жанаспайды.

Тағы да бір өрескел жағдай, бұл дүкендер атыс полигондарын да жабдықтайды екен, демек бұл жай ғана дүкен емес, баяғы Кеңес кезіндегі арнайы "әскери сауда базасы" болып отыр. Бұл масқара ғой... Кеңес заманында атыс қару-жарақтары "боевой", "холостой" деп бөлініп осы базадан ғана алатын, бұны өзім әскерде сондай базада істегендіктен айтып отырмын. Жақында, "Свобода слова" газетінен оқыдым, Приозер қаласында Балқаш маңында бір орыс жігіті Макаров пистолетімен үш адамды атып өлтіріп қашып кетті дегенді. Демек, бұл да Сергейдің көп қару-жарақ сататын дүкендерінің жемісі демеске бола ма?..

Халқымыздың басым көпшілігін көпірге шығарып "намаз оқымағандарды" балаларын ата-анасы мен туысқандарынан, қоғамнан бездіретін "байсалды" сәләфилердің пәтуәлары еліміздің Конституциясындағы "біреудің наным-сенімін кемсітуге болмайды" деген бабына да қайшы! Одан да өткен сорақы әрекеті – мемлекеттің заңына бағынсаң "ширіксің" деп ашықтан ашық қарсы уағыз айтады. Төзімнің де шегі бар ғой... Демек, осылай кете берсек, ертең сәләфилер елімізде көпшілікке айналып, үстемдікке ие бола қалса, Мысырдың кебін киеріміз анық, сонда көрер күніміз не болмақ?... Бізге Өзбекстан, Тәжікстан сияқты бауырлас елдердің тәжірибесінен үлгі алсақ артық болмас еді, олар да өз тәуелсіздіктеріне қауіп төндірген дәстүрлі емес барлық дін ағымдарына әлдеқашан заңмен шектеу қойған, қуған.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, сәләфизмді, радикалды ағымдарды үгіт-насихат, ағартушылық жолмен тоқтату мүмкін емес, шектен шығып кеткен. Сондықтан елдің аман-дығын, мемлекетіміздің тұтастығын, тыныштығын сақтап қаламыз десек, жат ағымдарды дереу қатаң заңмен тыю және елден тез арада қуу керек, кешікпей тұрғанда!

Нағашыбай СЕРІКБАЕВ.

Рудный қаласы.

● ОЙ – МАРЖАН

(Жалғасы. Басы газеттің өткен санында).

Асыра сілтеп тандану өтірікке ұқсас, бұлай ете берсең жұрт сенің талғамыңа сенбейтін болады, ақылыңның аздығын байқата-сың. Ондай жағдайға жеткеннің, ақыры жаман болады.

Ұнатпайтынды жасыра біл. Біреуді ұнатпайтындығымызды (оның жақсы қасиеттерін мойындай отырып) жасыра алмау – біздің бір кемшілігіміз. Қанға сіңген осы бір жаман мінезімізді кейде ұлы адамдарға да білдіріп аламыз. Осындай кезде ақыл-есіміз бізге сабыр берсе игі – жақсы адамдарды жек көрушіліктен өткен ұят нәрсе жоқ; батырларды сую қаншалықты абырой болса, батырларға ұнатпаушылығымызды көрсету соншалықты абыройсыздық.

Міндеттеме алудан қашатын бол. Саналылықтың басты қағидаларының бірі. Ұлы дана адамдар алдына ұлы мақсаттар, ұзаққа жоспарлар қояды; оған жетудің жолы ұзақ, жете алмай жарты жолда көп адамдар қалып қояды, себебі, ең басты нәрсені кеш қолға алады. Міндеттеме алып оны абыроймен орындағаннан гөрі, оны алудан жалтарып кеткен жөн. Міндеттеме – ақылды адамның қызығуын қоздырады. Бұл мәселеде жеңіске жеткеннен гөрі, қашқан ақыл. Алған бір міндеттеменің артынан тағы бір міндеттеме туады, бұрынғыдан да биік, міне осы жерде сенің байланғаның! Кейбір қызу мінезді, қызу қанды кісілер міндеттемені оп-оңай мойнына алады. Ұстамды мінезді естілер мұндай іске мойнын сұқпай ерлік жасайды. Олар «буынсыз жерге пышақ ұрмайды», күмәнді істе жеңімпаз боламын демейді, бір ақымақтың қателігін көріп тұрып оны қайталамайды.

Ешқашан өзіңе деген құрметіңді жоғалтпа. Жеке қалған кезінде де өзіңмен өзің егеспе. Ар-ұятың ақиқатыңның өлшемі болсын, өзіңе шығарған үкіміңнің қаталдығы өзгенің пікірінен артық болсын. Жұрт сотынан қорқып ұнамсыз іске бас ұрма, не айтады деп арыңды тыңда.

Жаны жайсаң батыр бол. Өлі арыстанның маңдайын қоян да тебе алады. Жүрек қайратын тәлкекке салушы болма: бір рет батылың жетпей шегіндің, екінші рет шегінесің, осылай ең соңғы кезекке дейін: бәрібір алдыңнан сол баяғы тосқауыл шығады емес пе, алғашқы кезекте неге батылдығың жасамадың? Рух батылдығы тән күшінен басым келеді; оны семсермен салыстыруға болады, оны әрқашан ақылдың қынында дайын ұстаған жөн. Ол – тұлғаның қалқаны. Дәрменсіз рух – дәрменсіз тән күшінен жаман. Қанша адамдар ондаған тамаша қасиеттерді бір бойына жинаған, бірақ жүректі болмағандықтан жасық өмір кешеді, олардың тірі өліктен айырмашылығы жоқ. Мысалы, табиғат араға тәтті балға өткіріп, инесін бекер қосып бермесе керек, біздің бойымызда сіңірмен сүйектің болуы рухымыздың да сүйектей мықты болғанын қалайды.

Өзіңді толық ашуға асықпа. Жұрт алдында жөнсіз

сипаланба, барынды ақтарып, күш пен қабілетіңді бекер шашпа. Ақылыңмен де, жүректілігіңмен де бекер далақтай берме. Қайырымды бүркітші қолындағы құсын аңға ысырапсыз салмайды. Бар қасиетіңді бір мезгілде көрсетпе, келесі күні ешкімді таңдандыра алмай қаларыңды ойла. Жарқ еткізетін бір қырыңды сақтап жүр, күнде бір жаңа қырымен ашылатын адамнан көпті күтеді – ешқашан оның қазыналы қасиеттерін тауса алмайды.

Ақылға қонымды сөз айт. Кейбір адамдар зерделі боп туады. Синдересистің (гректің болжағыштық деген сөзінен, Ауд.) қасиеті дарығандар даналықтың жарты жолына осылай жетеді. Одан кейінгі жолда жасы мен тәжірибесі жинақталып кемелденеді, ой түюде байсалдылық пен салиқалық орнайды; анау-мынауға ғажап екен деп еліккенді ұнатпайды, пендешілікке ерік бермейді. Мұндай қасиет мемлекет ісіне араласатын адам үшін, өзінің әрбір іс-қимылынан мағыналылықты іздейтін адам үшін құнды. Мұндай ел басқарушыларды іспен де, сөзбен де қолдап отыру қажет.

Жарысса тек мықтылармен жарыста озып шық. Көптеген қасиеттердің ішінде біреуі басым болғаны жөн. Кез келген батырдың міндетті түрде бір тамаша артық ерекшелігі болады, оны орташа даңқ қызықтырмайды. Тек таңдаулылардың арасынан топ жарып үздік шыққаныңда ғана дара тұлға боласың. Қарапайымдылардың қарабайыр жарысында озғаннан мерейің өспейді, жеңіл келген жеңістің даңқы да төмен. Ең үздіктермен бәсекеде озғаның ұлы мәртебелінің жарлығындай тамсандырады, мындаған жүректі таңдандырып қуантады.

Бастаған ісіңді сәтті аяқтауды ойла. Кейбіреулер мақсатына жетуді емес, сол бағытынан таймау жағын көп ойлайды; мақсатыңа жетіп мақтау естігенің, дегеніңе жете алмай кейіс естігеніңнен әлдеқайда артық. Жеңімпазға ақталудың жөні жоқ. Көп адамдар жағдайды түгел түсінбейді, істің жақсы мен жаман салдарын ғана көреді; мақсатыңа жеттің екен, абыройыңа нұқсан келмейді. Сәтімен аяқталған іс бәрін жуып кетеді, мейлі мақсат жолында қолданған әдістерің теріс болса да. Ақылдылардың қағидасы – қалыптасқан ережеге қарсы қимылда, әйтпесе бастаған ісіңді аяқтай алмайсың.

Жұрт мақтаған істі қолда. Өмірде көп нәрсенің тағдыры көпшіліктің берген бағасына байланысты. Қабілеттің жетілуі оны мақтаудан күш алады, Фавоний (римдіктер батыстан соғатын желді осылай атаған, Ауд.) гүл үшін қандай қажет болса, мақтау да адамның тамағы, өмірлік нәрі. Тірліктің түрі көп, бірі – жұрт сыйлайтын іс, екіншілері – олар биіктегілерге лайық, бірақ көзге көрінбейді. Алғашқы тірлікті істеушілер көптің көзінде, барлығы оның істеріне тамсанады; екіншілері – сирек кездеседі, олар талғампаздарға арналған, онша байқалмайды, ондайларды сыйлайды, бірақ мерейін өсірмейді. Елбасылардың арасында жеңім-



паз патшалардың атағы жер жарады, Арагонның корольдерінің атақтылығы содан – әскербасылар, конкистадорлар, шапағаты мол ел басқарушылар. Ұлы адамдар мерейі мен мәртебесін өсіретін, даңқ асыратын істермен айналысуды ұнатады, сонда ғана оның аты жұрт аузында қалып, атағы жер жарады, тарихта өлмейтін аты қалады.

«Жоқ» деп айта білу. Кім көрінгеннің ығына ерме, қандай нәрседе болсын жолыңды берме. Көне білу қандай маңызды болса, ымыраға келу де соншалықты; өмір бергендер үшін одан да маңызды. Бұл мәселеде әркімнің мінезі әрқилы: кейбір адамның «жоқ» деген сөзі басқалардың «иә» дегенінен мейірбандырақ естіледі. Ілтипатпен айтылған бас тарту құрғақ сөзбен айтылған келісімнен жақсы. Біреулердің аузында «жоқ» деген сөз бірінші тұрады, бірақ олар кейін келісе қояды, әйтсе де оның алғашқы бас тартуынан қалған көңіл сызаты кейінгі «иә»-нің қадірін жоғалтады. Бірден бас тартпа, адамның көңілін бірден суытпа, тамшылап кірсін; үзілді-кесілді бас тартпа, олай етсең сенім жібін үзесің. Оның көңілінде үміт қалсын, бас тартудың ащы дәмін осылай тұщытасың. Ілтипаттылық ізгіліктің жіберген қателерін жөндейді, жақсы сөз істелмеген істі алмастырады. «Жоқ» деп те, «иә» деп айту бір сәттің ісі, бірақ оны айтпас бұрын ұзақ уақыт ойланған абзал.

Жалт беріп құтылып кету. Бұл – ақылды адамдар пайдаланатын амал. Олар тапқыр әзілмен ең қиын деген лабиринттен шығып кетеді. Қырғиқабақ даудан күліп-ойнап, аман-сау құтылады. Дәл осы қасиетті ерлігімен аты шыққан, ұлылардың ұлы капитаны (Г.Ф.Кордова, 1453-1515, Ауд.) өз бойына жинаған. Бас тартпай сытылып кетудің бір амалы – әңгіменің тақырыбын ауыстыру; ең ақылды амалдың бірі – түкке түсінбегендік кейіп көрсету.

Қуақы бола берме. Адамның ақылдылығы салиқалы іспен өлшенеді, байсалдылық – тіл тапқыш өткірліктен артық саналады. Қуақылықтан танбайтын адам – бос, далбаса адам. Мұндай адамдар өтірікшіге ұқсас: екеуіне де сенбейсің, біреуіне – өтірік айта ма деп сенбесең, екіншісіне – қағытып отыр ма деп қауіптенесің. Ондайлардың сөзінен ештеңені түсінбейсің, шыны ма әлде әзілі ме, нәтижесінде онымен ортақ іске бармайсың. Қуақылығы көп істің – іске кедергісі көп. Бәзбіреу тілінің тапқырлығымен атын шығарады, бірақ

парасатты адамдардың алдында абыройынан айрылады. Ойын-күлкінің уақыты өз мезгілінде, істің мезгілі қалған уақытта.

Бәріне сене берме. Жаңалықтың бәрін өзгеден қабылдаймыз, өзіміз аз көреміз; естігенімізбен ғана өмір сүреміз. Құлағымыз – шындықты қабылдайтын артқы есігіміз, өтірікті кіргізетін бас есігіміз. Ақиқатты жиі көреміз, сирек естиміз, ақиқатты шынайы түрінде сирек естиміз, әсіресе алыстан келсе: ондай кезде жолда қосылған әртүрлі қоспалар оны күшейтеді. Қоспалар оны өз бояуымен бояйды, бірде жек көріп, кейде сүйіп. Оның басты мақсаты – әсер қалдыру. Өзіңді мақтаған кезде сақ бол, әсіресе айыптаған кезде. Хабарды жеткізушіге бар зерінді сал, оны итеріп тұрған мақсатын түсіну үшін. Ақымақтықтан да, қысқа ойлы арамдықтан да сақтайтын түйсігің болсын.

Азын-аулақ кемшіліктерің де болсын. Кейбір кемшіліктерің – тәуір қасиеттеріңнің тұмары. Қызғаныштың қызыл иті кекету мен қағытуды пайдаланады – қағытпа сөз неғұрлым әділетсіз болса, соғұрлым бірауыздан қолдау табады. Кекетпе сөз керемет жетілген дүниеден еш кемшілік таба алмай, оның тула бойын түгел сынайды. Ол Аргус сияқты (грек аңызындағы жүз көзі бар патша. Ауд.), кемшілік таба алмаса да тыншымайды. Ол жай сияқты, ең биік зәулімге найзағайын түсіреді. Мейлі талант пен ерліктен кемшілік таба берсін, ақылдан олқылық таба алмаса болғаны: мұндайда жамандықты тыныштандыру абзал, ұды жинап қарны жарылып кетпесін. Қызғаныштың өгізіне қызыл шүберекті көрсетіп, өлмес мәңгілікті құтқарып алғандай боласың.

Дұшпаныңнан пайда таба біл. Кез келген затты қолыңа ақылмен ұста, мысалы семсерді жүзінен емес, қолыңды кесіп аласың, сабынан ұста, өзіңе қорғануыңа дұрыс; қарсыласыңмен тайталас кезі кеп қалса, тіпті қажет. Ақымаққа достарының еш септігі тимесе, ақылды адам жауларынан көп пайда табады. Игі ниет өте алмаған таудай қиындықтарды дұшпандық тегістеп береді. Көптеген тұлғалардың даңқын асырған оның дұшпандары. Өшпенділікпен салыстырғанда мақтау әлдеқайда қауіпті. Біріншісі екіншінің біріншіден жасырған кемшіліктерін жоюға көмектеседі. Ақылды адам халықтың жеккөрінішін өзінің айнасына, жақын сенімді досына айналдырады, себебі жеккөрініш әшкерелеудің алдын

алады, кемшіліктерін жөндеп береді. Қарсыласыңмен, дұшпандарыңмен, ұнатпаушыларыңмен шекаралас тұрғандықтан, әрқашан сақ бол.

Жалпаңдаған жарамсақ болма. Асыл туғанның қаупі – қарабайырлардың ортасына түсіп, қасиеттерінен айрыла бастауы. Алғашқы кезде жұрт аузынан түспейтін, аңсап күткен жан болып, сосын бірте-бірте оған деген қызықтаушылық азайып, суи бастайды. Бақытсыздықтың ең зоры – ешнәрсеге жарамсыздық, ал жұрттың барлығына бірдей жарбаң қағып көңілінен шығамын деп тарбаңдау одан да кем емес сорлылық; сараңдығың жеңіп кетсе, бәрінен айрыласың, бұрын құрметтегендер сенен теріс айналып кетеді. Мұндай жылпостар қай салада болмасын кездеседі, ондайларды бұрын артық туған жан санап таң қалып келген болса, енді пасық санап, жек көреді. Артық туғандар үшін бір ғана жол бар – жақсы қырыңды аз-аздап көрсет, асыл қасиеттерің мейлі артылып жатсын, сыртқы жылтырақтарыңды көрсетуде қанағаттылық жаса. Алау неғұрлым жалындап жанса, соғұрлым тез сөнеді. Қабілетіңді жұмсауға деген сараңдығың, өзіңе жасалынатын құрметтің пайызымен қайтады.

Өзіңді-өзің тани біл. Өз мінезіңді, ақыл-парасатыңды, түйсігіңді, неге құмарлығыңды таны. Өзіңді толық танымай, өзіңді-өзің басқара алмайсың. Жүзіңді айнамен көре аласың, ал жан дүниенді ше? Өзіңді танытатын айнаң, өзің жайлы салиқалы түйсігің болсын. Өзіңнің сыртқы пошымыңды ұмытсаң да, ішкі бейнең жайлы естен шығарма, сонда ғана оны әрқашан жақсарт, жетілдіре аласың. Ақылмен іс істеуге қайсарлығың қаншалықты, іске жарамдылығың қандай, өзіңді сына; қызуқандылығың қаншалықты, рухыңның тереңдігі қандай, қабілетіңнің қанша екенін өлше.

Ойыңды жасыра біл. Қызбашылық – рухтың терезесі. Өмірдің өзі дәлелдеген ақиқаты бар: ойыңды жасыра білу, бәрін ашып ойнайтын адамның ұтылуы қиын емес. Жасырынып тұрған ұстамдылық көрегеннің көз жітілігімен бәсекеге түседі; түнгі сілеусіннің көзінің каракицаның сезімтал көргіштігімен жарысқандай қарсы тұрады. Ойлағаныңды ешкім білмесін, білсе жолың тосылады – бірі қарсы шығады, екіншісі – жарамсақтықпен жайратады.

(жалғасы бар).

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қостанай облысының Кәсіпкерлер палатасы Қазақстан Республикасының азаматтарынан келесі мамандар ретінде жұмысқа қабылдау өтінімдерді іріктеуді өткізуді бастау туралы хабарлайды:

– "Бизнестің жол картасы–2020" Бизнесті дамыту мен қолдаудың бірыңғай бағдарламасының "Кәсіпкерлікті қолдаудың қаржылық емес шаралары" төртінші бағыты аясында "Қолданыстағы кәсіпкерлік қызмет жүргізу үшін сервистік қолдау" компоненті бойынша қызметтерді көрсету үшін **Қостанай қаласы Кәсіпкерлікті қолдау орталықтың менеджерлері-консультанттары ретінде:**

1) Бухгалтерлік және салық есебін жүргізу қызметтері, сондай-ақ статистикалық есебін құру
– **Лисаков қаласында Кәсіпкерлікті қолдау орталықтарының менеджерлері-консультанттары ретінде** келесі түрлері бар қолданыстағы кәсіпкерлік қызмет жүргізу үшін сервистік қолдау көрсету:

1) Заңды қызмет көрсету
Іріктеуге қатысушыларға қойылатын жалпы талаптары:

- жоғары білімі бар болуы;
- қызметтер көрсету түрлері бойынша консультациялар өткізу 1 (бір) жылдан кем емес немесе мамандандырылған қызметтер түрі бойынша 2 жылдан кем емес тәжірибесінің болуы;
- мемлекеттік және орыс тілдерін білу лазым;
- дербес компьютерді еркін меңгеру.
- ақпараттық-сараптамалық кәсіпкерлікті қолдау қызметтерді көрсету үшін **Лисаков қаласын-**

да Кәсіпкерлікті қолдау орталықтарының менеджерлері-консультанттары ретінде.

Іріктеуге қатысушыларға қойылатын жалпы талаптары:

- жоғары білімі бар болуы;
- мамандандырылған қызметтер түрі бойынша консультациялар өткізу

1 (бір) жылдан кем емес тәжірибесінің болуы;

– мемлекеттік және орыс тілдерін білу;

– дербес компьютерді еркін меңгеру.

Өтінімдер **2016 жылғы 15 қараша сағат 18.00-**

ге дейін қабылданады.

Қажетті құжаттардың тізімі:

- 1) өтініш үлгі бойынша;
- 2) жеке куәлігінің көшірмесі;
- 3) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

4) ізденушінің сауалнамасын растайтын құжаттары қоса берілген (дипломдар, аттестаттар, куәліктер, көрсетілген актілердің және т.б. көшірмелері).

Жоғарыда санамаланған құжаттар тезтікке салынып, қолма-қол немесе пошта бойынша өтінімдерді қабылдаудың көрсетілген мерзімінде ұсынылады.

Өтінім нысанын және іріктеуге қатысу шарттарын Қостанай облысы Кәсіпкерлер палатасының кеңсесінде мына мекенжай бойынша қағаз тасығышта алуға болады: Қостанай қ., Әл-Фараби даңғ., 116 үй, 302 каб. немесе сұрау бойынша s.sultanov@palata.kz электрондық поштасы бойынша электрондық түрде алуға болады.

ӨКП байланыс тұлға: Сұлтанов Сұңқар Бекітұлы, кадр жөніндегі маман, тел. 39-42-08 (ішк. 3915).

Бизнес-орталығындағы "өрт"



Тактикалық жоспар бойынша жер асты автопаркінгінің ғимаратында жеңіл автокөліктегі қысқы тұйықталудан "өрт" басталды. "Қостанай облысы ТЖД өрт сөндіру және апаттық-құтқару жұмыстары қызметі" ММ байланыс пунктінде өрт туралы хабарлама сағат 17.00-де түсті. Өрт сөндірушілер келген кезде жер асты автопаркінгі түтінге толы еді. От жақын тұрған автокөліктерге, қойма үй-жайына тарады. Қауіпсіздік қызметі "WP Management" ЖШС-де өрт кезінде 900 келуші бар деген ақпарат берді, жедел оларды эвакуациялау жұмыстары жасалды. Осы іс-шаралардың негізгі мақсаты ғимараттан адамдарды қауіпсіз жерге шығарып, құтқару және зардап шеккендерге көмек көрсету болып табылады. Сонымен қатар, осындай іс-шаралар адамдарға өрт кезінде немесе апаттық жағдай кезінде қандай іс-әрекет жасау қажет екенін есте сақтауға мүмкіндік береді. Кейбір адамдарды төтенше жағдай кезіндегі байсалды әрекеттерге дайындайды. Оқуда зардап шеккен адамдарды түтінге толы ғимараттан шығару және металл кедергілерді өтуге құтқарушылар көмектесті. Бірлескен және белсенді іс-әрекеттің нәтижесінде өрт сөндіру бөлімшелері қызметкерлерінің дайындығы және адамдарды құтқару бойынша басқа қызметтермен бірлесіп жұмыс жасауы тағы да бір жетілдірілді.

"Өрт" басталған уақытта паркінгінің Абай даңғылы және Қасымханов көшесі жағындағы қақпалары ашық болғандықтан от бизнес-орталығының жоғары қабаттарына тез таралды. Сыртқы сипаттары бойынша жағдайға баға беріліп, зерттеу нәтижелері бойынша шаралар қабылданды.

Оқу-жаттығуға Қостанай облысы ТЖД бастығының орынбасары, азаматтық қорғау подполковнигі Азамат Орымбаев және "Қостанай облысы ТЖД" АҚЖҚ" ММ бастығының орынбасары, азаматтық қорғау полковнигі Дмитрий Полончук қатысты.

Барлығы оқуға 10 бірлік техника және 40 адамнан астам жеке құрам қатыстырылды. Оқу-жаттығу барысында қойылған мақсаттар және міндеттер орындалды. Барлық қызметтердің іс-әрекеттері "жақсы" деген баға алды.

"Қостанай облысы ТЖД ӨС және АҚЖҚ" ММ баспасөз қызметі.

● ОҚИҒА

Үш жол-көлік апаты болды

Облыс орталығында, Әуликөл және Меңдіқара аудандарында 3 жол-көлік апаты тіркелді. Екі жағдайда кінәлілер апатқа көктайғақ себеп болды десе, үшінші жағдайда жүргізуші жол ережесін өрескел бұзған.

5 қараша күні облыс орталығында Таран-Баймағамбетов көшелерінің қиылысында 1981 жылы туған жүргізуші "Лада Гранта" автокөлігімен келе жатып бағдаршамның тыйым салған белгісіне қарамай өтіп кетпек болды. Салдарында "Тойота" машинасымен соқтығысты. "Лада Грантаның" жүргізушісі мен жолаушысы жарақат алды. Келесі күні Боровское-Молодежное автожолында 1968

жылы туған жүргізуші "МТЗ-89" тракторымен келе жатып көктайғақта көлігін жол жиегіне аударып алды. Трактордың жолаушысы жарақаттанды. Сол күні Әуликөл ауданында 1983 жылы туған қостанайлық "Skoda Rapid" машинасымен тайғақ жолда жол жиегіне аударылды. Үш жолаушы өртүрлі жарақатпен ауруханаға түсті, тағы бір жолаушы жансақтау бөлімінде.

● ҚЫЛМЫС ЖӘНЕ ТҰРМЫС

Түнгі рейд нені көрсетті?

ОІД жергілікті полиция қызметі қызметкерлері "Жасөспірім" операциясы барысында түнгі уақытта қараусыз жүрген 83 жасөспірімді ұстады. Операция өткен кезде барлығы 119 жасөспірім құқық бұзушылық жасады.

Жедел-алдын алу шарасының барысында білім саласының өкілдері мектеп инспекторларымен бірге екі жүзден астам тәрбиеге қолайсыз отбасында болды. Жүргізілген рейдтердің қорытындысы бойынша 32 жасөспірім мен 51 ата-ана алдын алу есебіне қойылды. 27 ата-ана бала тәрбиесіне жете көңіл бөлмегені үшін жауап беретін болады. Әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін 109 жасөспірім, кезбелікке салынғаны үшін 2 жасөспірім ұсталды. 2 жасөспірім қылмыс жасап қолға түсті. Кәмелетке толмағандарға алкоголь сатқаны үшін 7 сатушы жауапкершілікке тартылды, ал темекі сатқан 5 сатушыға айыппұл салынбақ.

Аң аулау ережесін бұзғандар анықталды

"Браконьер" жедел-алдын алу шарасының алғашқы күнінде жергілікті полиция қызметкерлері экологиялық қылмыстар жасағандарға 80 мың теңге әкімшілік айыппұл салды.

Бұл операцияны өткізу үшін 40 арнайы топ құрылған болатын. Операцияның бірінші күні 18 әкімшілік құқық бұзушылық пен 1 қылмыстық құқық бұзушылық анықталды. Қостанай ауданында тәртіп сақшылары ағашты заңсыз кесу фактісін анықтады. Әкімшілік құқық бұзушылықтардың басым бөлігін заңсыз аңшылық құрайды. Полицейлер аңшылық ережесін бұзудың 10 жағдайын анықтап, 2 балықшыны жауапкершілікке тартты.

Елікті атқандар ұсталды

Ұзынкөл ауданында табиғат қаскүнемдері елікті атып алды. Осы факті бойынша сотқа дейінгі тергеу жүргізілуде.

Бұл оқиға 30 қазан күні Ұзынкөл ауданының Пресногорьков кентіне жақын жерде анықталды. Рейд кезінде учаскелік инспектор мен қорықшы "Ауди-80" машинасын тоқтатты. 37 жастағы жүргізушінің жанында 33 жастағы жолаушы бар екен. "Браконьер" операциясы өтіп жатқандықтан көлікті тексерген полиция қызметкері жүк салғыштан жасырылған еліктің етін тауып алды. Күдіктілердің бірінен "ТО3-34Р" маркілі мылтық тәркіленді. Сараптама тағайындалды.

Үш күнде алты ұрлықты ашты

Қостанайлық полицейлер үш күнде 6 ұрлықты ашты. Олардан келген шығын мөлшері бір жарым миллион теңгеге жетті. Қостанай қалалық ІІБ мәліметіне қарағанда, 76 ұрлыққа қатысы бар 6 адам ұсталған.

Мүліктік қылмыс түрлерін ашу үшін арнаулы топ құрылған. Үш күнде 6 қылмыс ашылған. Қазан айының ортасында қостанайлық полицейлер Текстильщиктер көшесінде ірі пәтер ұрлығын жасаған 22 жастағы күдіктіні ұстады. Жәбірленушілердің үйінен жарты миллион теңгенің алтын бұйымдары мен ақшасы қолды болған еді. Жедел-іздістіру шарасының барысында күдікті қолға түсті. Ол алтын бұйымдарды қаладағы ломбардтардың біріне салған екен. Қостанай қалалық ІІБ қызметкерлерінің айтуынша, жыл басынан бері облыс орталығында 24 ірі ұрлық жасалған, шығын мөлшері миллион теңгеден асып кетті.

Көлікке ұрлыққа түскен

Қостанайда жыл басынан бері машиналардан ұрлаудың жүзден астам жағдайы тіркелген, оның жартысынан астамы ашылды.

Гараждардан ұрлаудың өлу жағдайы тіркеліп, 28-і ашылған. Автокөліктерге кілт үйлестіріп, ұрлық істеуді кәсіпке айналдырған 25 және 28 жастағы екі күдікті ұсталған. Олар машиналардағы аккумуляторлар, автомагнитолалар, бейнетіркеуіштер, басқа да бағалы деген заттарды ұрлап алып, базарда сатып жіберген. Ұрланған заттың бір бөлігі ғана қайтарылды.

ОІД баспасөз қызметі.

Баспасөз – 2017

Заман ағымына сай басылым

Мектеп кезімнен жаңалыққа жаным құмар болды. Қолыма түскен мерзімді баспасөз құралдарының ішінен іліп алар оқиғаларды оқып, құрбы-құрдастарыммен бөлісетінмін. Ал өзекті мәселелер көтерілсе, автормен бірге жанымыз ашып, өзін де соған үн қосуды армандайтынмын. Бүгін осы арманыма жетіп, журналистика саласында қызмет етіп келе жатырмын. Сондықтан тілшілер қауымының мақала жазғанда қаншалықты қиындықтармен, кедергілермен жолығатынын, қаншалықты еңбектенетінін терең танып, біліп жүрміз.

Қостанай облысында жүздеген бұқаралық ақпарат құралдары болса, соның ішінде халыққа етене жақыны – «Қостанай таңы» газеті дер едім. Ғасырға жуық ұлт мүддесі жолында аянбай еңбек етіп, Тобыл-Торғай өңірінің жұртшылығына шынайы, әрі өзекті ақпаратты ана тілімізде таратып келе жатқан аға басылымды отбасыммен сүйіп оқимыз. Қазір технологияның қарыштап дамыған заманы. Осы тұста заман ағы-



мынан қалыспай, «Қостанай таңы» да ғаламтор кеңістігіне енді. Сайтты қоспағанда әлеуметтік желілердегі па-

рақшалары арқылы кез келген қажетті жаңалықпен қанығып отырамыз. Көтеріліп жүрген тақырыптар да сан-са-

лалы. Жұмыс күндері газеттің алғашқы 3-4 бетіне көбірек мән аударсам, демалыста анам Әсия Садуқызымен бірге «Қостанай ақшамы» қосымшасындағы «Дастархан», «Ақмаңдайлым», «Шұғаның белгісі» айдарларын қалдырмай оқып, пайдалы кеңестерді қойын дәптеріме түртіп аламын. «Қостанай таңы» газетінің тілшілері жазған мақалалардың түп-тереңінде әрбір қостанайлықтың үні жатқандығын аңғаруға болады. Маған бұл басылым осынысымен ерекше, осынысымен ыстық.

Мен оқырман ретінде барша замандастарымды, облыс тұрғындарын, жерлестерім рудныйлықтарды «Қостанай таңы» газетіне жазылуға шақырамын. Аға басылымның таралымы Сіз бен Біздің белсенділігімізге байланысты екенін ұмытпайық, ағайын!

Кенжеш МҰРЗАБЕКОВА, «Рудный дауысы» ТРК бас редакторы; Әсия АЯПБЕРГЕНОВА, Батыр ана.

«Туған өлке – туған тарих қазынам!»



Қалалық мәдениет сарайы осындай атаумен ұлт-азаттық көтерілісінің 100 жылдығы, Ы.Алтынсариннің 175 жылдығы және Арқалық қаласының 60 жылдығына арнап мүшәйра ұйымдастырды.

Жазба жас ақындар мүшәйрасы жалпы еліміздің арқалы ақындарын жыр додасында өз бақтарын сынауға шақырды. Мүшәйраның басты мақсаты – қазақ тілінің баға жетпес байлығын дамыту, тума таланттарды қолдау, бабадан балаға мұра болып келе жатқан ақындық өнердің, оның ішінде жазба ақындықтың деңгейін көтеру, өскелең ұрпаққа ақынның қуатты да киелі көркем шығармаларын насихаттау, жас ақындарымыздың ізденісі мен шеберлігін арттыру, азаматтық пен отансүйгіштікке тәрбиелеу, еркін елдің бүгінгі ажары мен ертеңгі жарқын келешегін, кешегі алапат күресін тебірене жырға қосу, қазақ жырының қоржынына қомақты олжа салу болатын.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығымен тұспа-тұс



келген жазба ақындар мүшәйрасында қатысушы үміткерлер ұлы даланың тарихи тұлғаларын ел басынан өткен ұлы оқиғалармен ұштастыра отырып, қазақ елі қанатын кеңге жайған ширек ғасыр ішінде қаншама жетістіктерге жеткендігін жыр етті. Қазақтың алдаспан өнерінің мерекесіне бабалар мұрасын жалғастырған 14 үміткер берілген тақырыпты барынша келістіріп жырлады. Әрине, көркем шығарма тудыру әр ақынның өз шабытына, шама-шарқына байланысты.

Жыр додасының қорытындысы бойынша жас та болса сөз шеберлігімен көзге түскен Ш.Уәлиханов атындағы №1 жалпы орта білім беретін мектебінің 10 «А» сынып оқушысы Айзат Сәтбай мен Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының I курс студенті Нұрдана Тұрысбек үшінші орынды, аталмыш оқу орнының студенттері Рыспай Қамқор мен Еркінғазы Айтбаев екінші орынды

еншіледі. Бірінші орынды тартымды тармағы, шұрайлы шумағы бар, қаламыздың тумасы, қазіргі таңда Астана қаласындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің студенті Айбар Рағатов қанжығасына байлады.

Мүшәйраның барлық қатысушыларына аталымдар бойынша сый-сияпат көрсетілді. Ең алдымен осы бастаманы қолдап, қорықпай, жүрексіңбей үміттерін қауырсын қаламға үкілеп байлап, ел алдына шыққан жастарға алғысымызды білдіреміз. Қаламыздың ақиық ақыны, қазылар алқасының төрағасы Айбек Киікбайұлы айтқандай жастардың шыңдалуына шабыт беретін, үрдіске айналған осындай игі істердің жалғасын табатынына сеніміміз мол.

СУРЕТТЕ: байқауға қатысушылар.

Зәмзәгүл АҚЫЛБЕКҚЫЗЫ, қалалық мәдениет сарайының әдебиет бөлімінің меңгерушісі.

Арқалық қаласы.

Құрметті Статистика қызметкерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз Статистика күнімен құттықтаймыз. Мемлекеттік Статистика қызметкерлеріне кәсіби міндеттеріңізге сәттілік, жемісті еңбек тілейміз.

Күнделікті қызметтеріңіз бен кәсіби міндеттеріңізді мүлтіксіз атқару арқылы егемен еліміздің әулеті мен көркеюіне қосар үлестеріңіз мол болсын.

Сіздерге зор денсаулық, отбастарыңызға амандық, береке-бірлік, қызметтеріңізге толағай табыс тілейміз!

Ізгі тілекпен Аманкелді ауданының Статистика басқармасының ұжымы.



Қостанай облысы тұрғындарының назарына!



2016 жылғы 14 мамырда Әлия Назарбаеваның "Жандану әлемі" Қоры Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған еліміздің тарихындағы алғашқы кең ауқымды жобасы – "Бала дауысы" Ұлттық балалар ән байқауына (бұдан әрі – Байқау) бастау берді.

Біздің өңірдің атынан Ясмин Ибраева қатысатын болады.

Финал 12,13 қарашада "КТК" телеарнасының тікелей эфирінде сағат 18.30-да көрсетіледі. Дауыс беру SMS арқылы өтеді.

Біздің жерлесімізді қолдап, дауыс берейік!

«ҚОСТАНАЙ ТАҢЫ» газетіне жарнама бергіңіз келсе, мына телефондарға хабарласыңыз:



**54-33-22, 54-99-88
54-99-69 (факс)**

Меншік иесі:

«Қостанай таңы» газеті редакциясы» ЖШС

**Директор-Бас редактор
ЖАНҰЗАҚ
АЯЗБЕКОВ**

Директор-бас редактордың қабылдау бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69.

Директор-бас редактордың орынбасары: 54-84-44.

Жауапты хатшы: 54-67-65.

Бөлім редакторлары: 54-79-68, 54-28-42.

Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-36.

Әлеумет, білім, мәдениет: 54-28-42.

Социологиялық зерттеу орталығы: 54-53-21, 39-26-25.

Жарнама бергіңіз келсе: 39-26-88, 54-33-22.



Бухгалтерия: 54-99-88, 39-26-88
Компьютер орталығы: 54-54-45
Корректур: 54-34-49

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91
Рудныйда: 8-714-31-2-72-56
Аманкелдіде: 2-17-40
Жанкелдіде: 2-10-75, 5-00-02
Сарыкөлде: 2-25-17

Редакцияның мекенжайы:

110000, Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. "Қостанай таңында" жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

А – ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.05.2012 жылы тіркеліп, № 12790-Г куәлігі берілген. Газет "Қостанай таңының" компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. "Қостанайполиграфия" ЖШС баспаханасы. Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі, 16. Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 10735. Тапсырыс 2282.

Нөмірдің кезекші редакторы Қ.ДОСЖАНОВА.